



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ



Түрлі пікірдің көрігін қыздырып, сан түрлі байлам жасатқан Президент сайлауы да өз мәресіне жетті. Бүгін Exit poll-дың қорытындысы бойынша мемлекет басында отырған Қасым-Жомарт Тоқаев жеңіс тұғырына шыққаны белгілі болып отыр. Бұл нәтижені құлағы шалған экс-президент Нұрсұлтан Назарбаев Мемлекет басшысын алдымен құттықтады. Бірқатар қоғам қайраткерлері, сарапшылар болса мұны демократияның жеңісі, жаңа Қазақстанның берік іргетасы, сындарлы саяси реформалардың басы деген тұжырымдарын білдіріп үлгерді. Ал, жеңіс иесі Қ.Тоқаев өзіне сенім артқан сайлаушыларға экономикада түбегейлі өзгерістер жасап, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеретініне уәде беріп, осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін бірлік қажет екенін айтты.

(Соңы 3-бетте)

САРАП

ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКС ӘЛЕУЕТКЕ САЙ БОЛСА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» деген жолдауында әлеуметтік салаға басты назар аударылып, әлеуметтік қамтамасыз ету саласы 17 заңмен және заңға сәйкес ондаған актімен реттелетіндігі және бұл реттеу ісінің күрделенуіне, жүйесіздігіне әкеп соқтыратыны айтылды.

Соның салдарынан мемлекеттің жауапкершілігі айқындалмай, азаматтардың өз құқықтарын жете түсінбей жүргендігі атап көрсетілген болатын. Осыған орай, Үкіметке еліміздің Әлеуметтік кодексін әзірлеу тапсырылды. Қазіргі кезеңде Әлеуметтік кодекстің (Әлеуметтік қамсыздандыру кодексі) тұжырымдамасы әзірлену үстінде.

Азаматтарды әлеуметтік қорғауға серпін беретін әлеуметтік заңнама халықаралық стандарттарға сәйкес келуі міндет. Жаңа заңнама әлеуметтік қамсыздандыру құқығы саласындағы қоғамдық қатынастарды жетілдіріп, құқықтық тұрғыдан реттеп, болашақта әлеуметтік салада мемлекетіміздің негізгі бағыттары мен даму жолдарын айқындауы тиіс.

Қазақстанның әлеуметтік қамсыздандыру құқығы саласындағы заңнамаларды біржүйеге әкелу – Әлеуметтік кодекстің негізгі мақсаты. Оның негізгі бағыттары азаматтарды әлеуметтік қорғау, әлеуметтік қамсыздандыру, әлеуметтік сақтандыру және әлеуметтік қауіпті біріктіретін институттардан және осы саладағы проблемаларды шешу мақсатында жаңадан құқықтық тұрғыдан реттелетін біртектес қоғамдық қатынастарды қалыптастыруға негізделмек.

Әлеуметтік саясат мемлекеттің әлеуметтік құрылымындағы өзгерістерге, азаматтардың әлауқатының өсуіне, олардың өмірін жақсартуға, материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға, өмір салтын жетілдіруге байланысты әлеуметтік топтар және жалпы қоғам мен оның мүшелері арасындағы қатынастарды реттейтін жалпы ішкі саясаттың бір бөлігі болып табылады. Әлеуметтік кодекс әлеуметтік қатынастарды құқықтық реттеу негіздерін белгілеуге, азаматтардың Конституция мен заңдарда бекітілген әлеуметтік құқықтарын және оларды іске асыру тетігін бекітуге, әлеуметтік қамсыздандыру құқығы саласындағы қатынастарға қатысушылардың құқықтық жағдайын айқындауға, азаматтарды әлеуметтік қамсыздандыруда құқықтық мәселелер туындауы, жүзеге асырылуы, өзгеруі мен қорғау тәртібін реттеуге бағытталған.

Біздің ойымызша, кодекс жобасының ерекше бөлімі әлеуметтік қамсыздандыру құқығының жекелеген институттарына – бұл зейнетақы, жәрдемақы, әлеуметтік өтемақы, міндетті әлеуметтік және медициналық сақтандыру және көмек, атаулы нысаналы көмек, жұмыспен қамту және жұмыссыз-

дарға берілетін жәрдемақы, жұмысқа орналастыру туралы арнайы институттарды біріктіруі тиіс.

Әлеуметтік кодекс жобасын даярлау барысында мақсаты мен міндетін сәйкестендіру негізінде:

- қолданыстағы әлеуметтік заңнамаларды кодификациялау және қолданыстағы заңнамаларды біртектес қоғамдық қатынастарды реттейтін жүйеге келтіру;
- әлеуметтік қамсыздандыру құқығының негізгі институттарын біріктіру;
- әлеуметтік қамсыздандырудың қолданыстағы төленетін материалдық төлемдер мен әлеуметтік көмектердің нақты түрлерін анықтау, мөлшерін көрсету назарда ұсталмақ.

Әлеуметтік кодексті қабылдаудың негізгі мақсаты – әлеуметтік қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру құқығы саласындағы заңнаманы жетілдіру және дамыту. Атап айтқанда, заңдар мен нормативтік құқықтық актілерді халықаралық стандарттар мен нормаларға сәйкестендіру, отбасын, ана мен баланы қолдауды дамыту, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, арнаулы әлеуметтік жүйедегі менеджменттің тиімділігін, әлеуметтік қызметкерлердің мәртебесі мен кәсібилігін арттыру, республикада әлеуметтік тәуекелдердің алдын алу практикасын енгізу, қызметтердің сапасын және әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі шаралардың тиімділігін қамтамасыз ету басты бағдар болып отыр.

С.ТЫНЫБЕКОВ,
з.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының меңгерушісі
С.МАЛДАШЕВ,
з.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының доценті

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Мейіржан МҰСАБАЕВ,
«Саяси қуғын-сүргін құрбандары»
музейінің меңгерушісі:

«МУЗЕЙ – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ҰЛЫҚТАУДЫҢ БІР ШАРАСЫ»

Өткенге салауат, болашаққа ғибрат айтқан дана халқымыз тарихына да зор құрметпен қараған. Қазақ тарихындағы зұлмат жылдарда жазықсыз жаланың құрбаны болып, жапа шеккен тұлғаларымыз қаншама?! Егемен ел болып, тәуелсіздікке ие болған тұста өткенге қайта оралып, кәрі тарихтың бетіндегі ақтаңдақтардың құпиясы ашылып, жария бола бастағаны жасырын емес. Алматының іргесіндегі Саяси қуғын-сүргін музейінің меңгерушісі Мұсабаев Мейіржан Бақытжанұлымен сұхбатымыз Алаштың ірі қайраткерлерінің, қыршын кеткен боздақтардың ерлігін, халықтың биік рухын таныту жолында атқарылып жатқан ауқымды еңбек төңірегінде өрбіген еді.

(Соңы 5-бетте)



АЛФАШҚЫ
ОҚУ-ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІ
САЛЫНАДЫ

2-бет



АЛҚАБИЛЕР ҚАРАЙТЫН
ІСТЕРДІҢ САНАТЫ
АРТАДЫ

4-бет



КӨК БАРАҚ

8-бет

АЙМАҚ

АЛҒАШҚЫ
ОҚУ-ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІ
САЛЫНАДЫ

Ақтауда Қазақстанда баламасы жоқ әскери-теңіз күштерінің сұңгуірлерін даярлауға арналған оқу-жаттығу кешенін ашу жоспарланып отыр. Жаңа кешен қандай болады және оның ерекшелігі неде? Бұл туралы орталықтың таныстырылымында кеңірек айтылды.



Шараға Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Нұрдәулет Қилыбай, Ақтау қаласының әкімі Ербол Ізбергенов, Әскери-теңіз базасының командирі, ҚР ҚК Әскери-теңіз күштері бас қолбасшысының орынбасары, Екінші дәрежелі капитан Бауыржан Мұратұлы, облыстық төтенше жағдайлар департаментінің өкілдері мен орталық қызметкерлері қатысты.

Сұңгуірлерді дайындайтын оқыту кешені Қазақстанның инженерлік әлеуетін және қорғаныс күшін көтеру мақсатында салынып жатыр. Сондай-ақ, мамандарды суда еркін жүзуге үйрету және суда қорықпай жұмыс істеуін қамтамасыз ету көзделген.

«Бұл кешенде сұңгуірлер теориялық және практикалық тұрғыда дайындықтан өтеді. Кемені бақылап, құрылғылармен дұрыс жұмыс істеуді көрсетеміз. Сұңгуірлер толқынға қарсы жүзуді үйреніп, су астында жаттығулар жасайды. Тереңдігі 5 метр бассейнде олар құтқару жаттығуларын орындайды», – деді жобаның бас инженері Төлеген Жәрдем.

Нысанның құрылысы 2021 жылдың қыркүйек айында басталған. Учаскенің ауданы 10 га құрайды. Жоба құны 2,2 млрд теңге. Кешен 12 жылдан бері кеме жөндеу және кеме жасау қызметін көрсететін «Кеме жабдықтары және



сервис» компаниясының жеке инвестициясы есебінен салынуда.

Компания директоры Дмитрий Донских кешенде ҚР ҚК Әскери-теңіз күштерінің әскери қызметшілерін даярлауға барлық жағдай жасалғанын атап

өтті. Құрылыс барысында өз елімізде шығатын материалдар қолданылды. Ал өзге технологиялар мен техникалар шет елдерден сатып алынған.

Жазира ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ



ӘДЕБИ КЕШ

Ақтауда Мұхтар Шахановтың 80 жылдығына орай, «Халқы сүйген қаламгер» атты әдеби кеш өтті. Абай атындағы мәдени-демалыс кешені директорының орынбасары Маргарита Омарованың айтуынша, әдеби кеш мақсат үдесінен шықты.

Қазақтың біртуар ақыны Мұхтар Шахановтың шығармашылығына шолу жасалып, өнер сүйер қауымға ерекше көңіл-күй сыйлады.

«Мұхтар Шахановтың әр өлеңі тағылым мен үлгі-өнегеге бай. Көптеген жылдар бойы ақынның өлеңдері халықты ерекше сезімге бөлейді. Поэзиялық кештің көрермендеріне Мұхтар Шахановтың өмірі мен шығармашылығы туралы викториналық сұрақтар қойылды. Кіру ақысы тегін. Қала тұрғындары әдемі кештің куәсі

болды», – деді Маргарита Омарова.

Ақын шығармашылығын насихаттауды мақсат еткен кеште түрлі патриоттық сезімді оята-тын жігерлі жырлармен қатар, сезім қылын шертетін махаббат туралы өлеңдер оқылды. Атап айтқанда, М. Шахановтың сөзіне жазылған «Гүлдәурен», «Туған күн кешінде», «Махаббат елі», «Жұбайлар жыры» әндері шырқалды. «Мен керемет кешке келіп, кеудемді толқыныс кернеп тұр. Өлеңнің тарланы, қазақтың дарынды ұлы Мұхтар



ағамыздың өлеңдерін жаттап өстік. Бала кезімнен бастап барлық ғұмыр жолым есіме түсті. Тәтті сезімге бөлендік. Осындай кештер көбірек болса екен», – дейді Ақтау қаласының тұрғыны Раиса Қармысова.

Кеште Абай атындағы мәдени демалыс кешенінің өнерпаздары және Ш. Есенов университетінің студенттерінен құралған «Шокжұлдыз» поэзия клубы өнер көрсетті.

Жазира ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ

КОНГРЕСС

ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕ:
АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ

Алматыда мемлекеттік органдар мен қаржы ұйымдары өкілдерінің макроэкономикалық саясат пен қаржы секторындағы өзекті мәселелерді талқыға салатын ең басты сұхбат алаңы саналатын Қазақстан қаржыгерлерінің Х конгресі өтті. Оны Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы ҚР Ұлттық банкі мен ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің қолдауымен ұйымдастырған еді.

Экономиканы несиелендіру, қаржылық мүдделерді қорғау үшін сақтандыру нарығын дамыту, қаржылық қолжетімділікке цифрлық тәсіл мәселелерін, сондай-ақ, қор нарығындағы жаңа инвестициялық мүмкіндіктер талқыланатын бұл шараға бұған дейін Мемлекет басшысы да қатысады деп жоспарланған болатын. Алайда, онда Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауы ғана оқылды.

– Қиын кезеңдерде мемлекет оның тұрақтылығын сақтай отырып, қаржы саласына қолдау көрсетті. Кәсіпорындардың қаржыландыруға деген қажеттіліктерін қанағаттандыру арқылы банктердің де осындай рөл атқаратын кезі келді. Экономикалық ілгерілеудің негізгі драйверіне айналатын 1,5 миллион шағын және орта бизнес субъектілері жұмыс істейді. Ақша-несие саясаты мен реттеу макроқаржылық тұрақтылық пен экономиканың серпін-

ді дамуының мүдделерін теңгерімдеуі керек. Ол үшін қаржылық реттеушілер бәсекелестік ортаны дамытып, банк құралдарын кеңейтіп, жаңа қаржылық технологиялар мен инновациялар енгізіледі. Банктік несиелендіру сияқты бизнес үшін тартымды болуы тиіс қор нарығын дамыту бойынша жүйелі шаралар қабылдау қажет. Сактандыру секторы бизнестің тұрақтылығын арттырып, экономикаға серпін беруге қабілетті. Оны дамыту үшін пәрменді шаралар қабылдау қажет. Жалпы, біздің барлық жоспарларымыз бен міндеттеріміз біртұтас жалпыұлттық міндет – азаматтардың әл-ауқатын арттыру призмасы арқылы құрылуы керек, – деген Президент форумда айтылған бастамалар мен шешімдер Қазақстанның валюталық нарығы мен қаржы жүйесін нығайтуда іс жүзінде қолданысқа енгізіледі деп сенім білдірген.

БҰЛ – ӘЛЕМДІК ТРЕНД

Қазір әлемде мемлекеттігі БҰҰ деңгейінде мойындалған 193 ел бар десек, оның 159-ның ұлттық валютасы бар екен. Әлемдік тренд болып тұрған – цифрлық валютаны қазір 91 мемлекеттің орталық банктері зерттеуде. Ал 29 мемлекет пилоттық жобаларын сынақтан өткізуде. Егер 2023 жылы Еуропалық Одақ өзінің цифрлық еуронын, ал Ресей цифрлық рублін енгізбек. Қытай болса 15 провинциясында айналымы 13 млрд долларды құрайтын цифрлық юаньды пилоттық жоба түрінде жүзеге асырып жатыр. Сондықтан форумда ең бірінші боп сөз алған ҚР Ұлттық банкінің Төлем және қаржы технологияларын дамыту орталығының төрағасы Бінұр Жаленов 2021 жылдан бері елімізде сынақтан өтіп жатқан «Цифрлық теңге» пилоттық жобасының быылғы 2-кезеңінің алдын ала нәтижелерімен таныстырды.

Б.Мұратұлының айтуынша, цифрлық теңгені енгізу Қазақстанның экономикасы мен қаржы жүйесіне оң әсер етеді. Пилоттық жобаның екінші фазасын іске асыру жөніндегі қорытынды баяндама осы жылдың желтоқ-

сан айында жарияланады. Ықтимал тәуекелдер мен пайданы жан-жақты зерттеу, технологиялық аспектілерді пысықтау, ақша-кредит саясаты мен қаржылық тұрақтылыққа әсерін бағалау, сондай-ақ, ұлттық төлем жүйесі мен оның қатысушылары үшін ықтимал әсерді бағалау нәтижелері бойынша осы жылдың соңына дейін ұлттық цифрлық валюта – цифрлық теңгені енгізу қажеттілігі туралы қорытынды шешім қабылданады. Ал оны толық енгізу үшін 3 жылдан кейін жүзеге аспақ.

«Бұл мәселеде біз мейлінше алға қарай жылжыдық. Цифрлық теңгені енгізуге қатысты шешімді Президент қабылдайды. Біз таңдайтын дизайн бойынша шешімдер инновацияларды дамыту, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың мүддесін қорғау, сондай-ақ, қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін оңтайлы деп есептейміз», – деді Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматов бұл мәселе туралы.

ҰЛТТЫҚ БАНК БАЗАЛЫҚ
МӨЛШЕРЛЕМЕНІ КӨБЕЙТУ
МҮМКІН

Базалық мөлшерлеме бойынша қазір болжамдарын қайта жаңарту тұрғысында жұмыс жүріп жатыр. Ғ.Пірматов қажеттілік туындайтын болса, базалық мөлшерлемені тағы да көтеруге әзір екенін және ол шешімді 5 желтоқсанда жариялайтындарын жеткізді. Шешім қабылдарда негізгі макроэкономикалық параметрлер бойынша болжамдар, инфляциялық күтулер және басқа да факторлар назарға алынбақ.

– Жалпы, өз басым базалық мөлшерлемеге қатысты пікірталастың кәсіби ортада болғанын құптаймын. Біздің шешімдеріміздің түпкі мәнін нарықтағы кәсіби қатысушылардың күннен күнге түсіне бастағанын көріп отырмыз. Біз бұны құптаймыз. Сонымен бірге, 11 зерттеу ұйымы қатысатын кәсіби макроэкономистер арасында тұрақты сауалнама жүргізуді де қолға алдық, – деген Ұлттық банк төрағасы валюта нарығындағы жағдайды да назардан тыс қалдырмады. «Биыл айналамызда белгісіздік көп, бірақ соған қарамастан біз жеткілікті дәрежеде әрі ұқыпты әрекет еттік. Біз нарықпен ашық коммуникация орнатып, валюта нарығында жасалып жатқан істердің барлығын ашып көрсетеміз. Бізде еркін жүзетін айырбас бағамы саясаты бар. Біз оны қатаң ұстанамыз. Еркін жүзетін айырбас бағамы сыртқы күйзелістерді абсорбциялауға мүмкіндік береді, сондықтан ол сыртқы қысыммен немесе ішкі күйзеліспен өзгеруі мүмкін», – деді бас банкир. Оның айтуынша, инфляция қорсеткішінің жоғарылығына қарамастан қазір девальвация туралы мүлде сөз қозғалып жатқан жоқ.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

САЙЛАУ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Саяси додаға еліміздің тарихында алғаш рет алты үміткер қатысып, бақ сынады. Олардың екеуі әйел болды. Үміткерлердің көш басында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі тұрды. Мемлекеттік қызметтегі және сайланбалы мемлекеттік лауазымдардағы жұмыс тәжірибесі – 43 жыл 1 айға толған Тоқаевтың өзге кандидаттардан бір айырмашылығы, ол «Сайлау туралы» заңның 54-бабы 2-тармағы бойынша, қазіргі Мемлекет басшысы ретінде мемлекеттік тілден емтихан тапсырудан босатылды. Қ.Тоқаевтың кандидатурасын Президенттікке мәслихат депутаттарынан құрылған республикалық қоғамдық бірлестік, Қазақстан спортшылар одағы, Қазақстанның Азаматтық альянсы, «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестіктері, «Qazaqstan Team» қоғамдық бірлестігі, Ұлттық волонтерлік желісі ұсынған еді. Кейін бұл кандидатура «AMANAT» партиясының съезінде қолдау тапты. Оларға кейін «Қазақстан халық партиясы» және «Ақ жол» партиясы қосылып, бір коалицияға бірікті. Екінші болып, Орталық сайлау комиссиясы қаулысымен Мейрам Қажыкен тіркелді. Ол мемлекеттік қызметте және сайланбалы мемлекеттік лауазымдарда 14 жыл жұмыс жасап тәжірибе жинаған. Оның кандидатурасын «AMANAT» Қазақстан кәсіподақтар достастығы» республикалық кәсіподақтар бірлестігі ұсынды. Үшінші үміткер, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы қосқан мемлекеттік қызметтегі және сайланбалы мемлекеттік лауазымдардағы жұмыс тәжірибесі – 7 жыл Жигули Дайрабаев болды. Төртінші үміткер, ретінде, Жалпыұлттық социал-демократиялық партия атынан ұсынылған, өмірінің әр кезеңдерінде мемлекеттік қызмет атқарған Нұрлан Әуесбаев көрінді. Ал әйел үміткерлердің бірі мемлекеттік қызмет өтілі – 9 жыл 1 ай Қаракат Әбден, екіншісі – кандидатурасын «Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігі ұсынған, саналы өмірінің отыз жылын мемлекеттік қызметте өткізіп келе жатқан Салтанат Тұрсынбекова болды.

Үміткерлердің мемлекеттік қызмет өтіліне арнайы тоқталуымыздың себебі – ҚР Президенті сайлауына қатысу үшін қойылған басты талаптың бірі осы болды. Бұл қоғам тарапынан бірқатар сұрақтар тудырды. Өйткені, нақ осы тетік кейбір қоғам қайраткерлерінің өздерін ҚР Президенттігіне үміткер қатарынан көруіне кедергі болды. Десе де бұл жағдай сайлаудың ұйымдас-

тырылу барысына, ойдағыдай өтуіне бірер қоғамдық ұйымдардың «таңдаусыз сайлау» деп қарсылық тудырғанын айтпағанда еш салқынын тигізбеді.

Бүгінде Орталық сайлау комиссиясы жария еткен алдын ала мәлімет бойынша Қазақстанда дауыс беру құқына ие 11,9 миллион адамның 8 282 607 дауыс бергені белгілі болып отыр. Жалпы, республикада дауыс беруге арналған 10 101 учаске құрылды. Қазақстанның 16 шет мемлекеттегі өкілдіктері жанынан 17 учаске ашылды. Заңда сайлау өтті деп есептеу үшін сайлаушылардың белгілі бір пайызы дауыс беруі тиіс деген меже қойылмаған.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, елорданың комиссиялары ұсынған деректерге сәйкес, 2022 жылғы 20 қарашада елорда уақытымен сағат 8.15-тегі жағдай бойынша барлық өңірде 1033 учаскеде дауыс беру басталды. Жалпы 1050 учаске жұмыс істеді. Сонымен қатар 53 шет мемлекетте ашылған 68 сайлау учаскесі олардағы отандастарымыздың өз құқын жүзеге асыруына мүмкіндік берді. Сайлау барысын бақылауға 10 халықаралық ұйым мен 35 шет мемлекеттен барлығы 641 адамға аккредитация берілген болатын. Бұған қоса 264 шетелдік журналист сайлауды қадағалаған.

20 қарашада Астана уақытымен таңертенгі сағат 7-дегі жағдай бойынша, елдің шығыс, орталық және оңтүстік бөлігінде 8150 сайлау учаскесі ашылды. 11 шет мемлекеттегі 12 сайлау учаскесінде дауыс беру басталды. Қазақстан Орталық сайлау комиссиясының мәліметі бойынша, Астана уақытымен сағат 22:00-де дауыс берушілер тізіміндегі сайлаушылардың 69,31 пайызы дауыс беруге қатысқан. Олардың көпшілігі Абай, Түркістан облыстарына тиесілі болып отыр. Бұл өңірлерде сайлаушылардың 80 пайыздан астамы, ал Жетісу, Қызылорда облыстарында 81 пайыздан астамы дауыс беріп, өз

таңдауларын жасапты. Басқа өңірлерде де көрсеткіш 70-80 пайыз аралығында болса, елдің батысындағы Маңғыстау облысында нәтиже 70 пайызға жетпеген. Шымкентте 59,79 пайыз сайлаушы дауыс беріпті. Ең аз көрсеткіш Алматы мен Астана қалаларында анықталды. Яғни, Астанада сайлаушылардың 48,60 пайызы, Алматыда 28,72 пайызы сайлау бюллетендерін алып, өз таңдауларын жасапты. Дауыс берушілер қатарында ешкімге дауысын бермей, «бәріне қарсымын» деген бағанға белгі соққандар да баршылық. Сайлау процесі барысында тәуелсіз бақылаушылардан заң бұзылғаны жайлы арыз-шағымдар да түскен.

Жалпы, «Ашық қоғам» институтының жасаған қорытындысы көпшіліктің болжамына сай болды. Яғни, жоғарыда айтып өткеніміздей, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев топ жарып, жеңіске жетті. Ал, өзге үміткерлердің жинаған дауысы тым болмаса 10 пайызға жетпеді. Мәселен, Жигули Дайрабаев – 3,33 пайыз, Қаракат Әбден – 2,54 пайыз, Мейрам Қажыкен – 2,23 пайыз, Нұрлан Әуесбаев – 2,17 пайыз, Салтанат Тұрсынбекова – 2,08 пайыз ғана дауыс иеленді. Есесіне бәріне қарсымын дегендердің үлес саны олардың қай-қайсысының да жинаған даусынан асып, 5,2 пайызға жетті. Бүгінде осы үміткерлердің жинаған дауысына қатысты да қарсылықтар айтылып жатыр. Мәселен, белгілі журналист Гүлбану Әбенова фейсбуктағы парақшасында Салтанат Тұрсынбекованың Қаракат Әбденнен аз дауыс жинауы мүмкін еместігін айтып үлгерді. Бұл тақырыптағы пікірлер көрігі қызып, алда әртүрлі болжамдар айтылуы ғажап емес. Осының өзі сайлау барысында үміткерлер тарапынан үгіт-насихат жұмысының белсенді жүргізілгенін көрсетсе керек. Яғни белгілі дәрежеде дода тартысты өтті деген қорытынды жасауға мүмкіндігіміз бар.

Сайлау осылайша өз мәресіне жетті. Еліміздегі екінші адам Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев өз дауысын беру барысында – «Сайлау – кез келген демократиялық жүйенің маңызды бөлігі. Азаматтар дауыс беру арқылы билікті қалыптастыру және мемлекетті басқаруға қатысу құқығын іске асырады. Сайлаудың ашық әрі әділ және ұлттық заңнамалар мен халықаралық стандарттардың нормаларына толық сай өтуі үшін барлық қажетті жағдай жасалды. Еліміз үшін осындай тағдыршешті сәтте халқымыз жауапкершілікті сезініп, сайлауға белсенді қатысады деп сенеміз», – деген еді.

Бүгінде көріп отырғанымыздай, халықтың басым бөлігі сайлауда өз еркін білдірді. Демек, отандастарымыздың ескі де жаңа биліктен үміті көп. Мұны ең көп дауыс жинаған Қасым-Жомарт Тоқаев та сезініп, «Халықтың сенімі – бұл ең құнды нәрсе. Сондықтан халықтың сенімін бәріміз ақтауымыз керек. Бүгін, міне 21 қарашадан бастап бәріміз жұмысқа кірісуіміз қажет» – деді.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

РЕСМИ АҚПАРАТ

ОСК ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫНЫҢ АЛДЫН АЛА НӘТИЖЕСІН ЖАРИЯЛАДЫ



ҚР Орталық сайлау комиссиясы Президент сайлауының алдын ала нәтижесін жариялады. Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіровтің айтуынша, Қ.Тоқаевқа 6 млн 456 мың 392 сайлаушы немесе олардың 81,31%-ы дауыс берген. «Бәріне қарсымын» бағанын 460 484 немесе 5,8% сайлаушы таңдаған.

Сонымен бірге, Жигули Дайрабаевқа 271 641 немесе 3,42 пайыз, Қаракат Әбденге 206 мың немесе 2,6 пайыз, Мейрам Қажыкенге 200 907 немесе 2,53 пайыз, Нұрлан Әуесбаевқа 176 116 немесе 2,22 пайыз және Салтанат Тұрсынбековаға 168 731 немесе 2,12 пайыз дауыс берілген. Әзірге аумақтық сайлау комиссиялары дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалардың электронды көшірмелерін ұсынды.

«Сонымен, нақтыланған сайлаушылар тізімдеріне сай, жалпы сайлаушылар саны 11 млн 953 мың 465 адамды құрады. Оның 8 млн 300 мың 46 адамы немесе 69,44 пайызы дауыс беруге арналған бюллетендерді алды. Дауыс беру күні ҚР Президенттігіне кандидаттардың 11 мыңнан аса сенім білдірген адамдары, шетелдік халықаралық ұйымдардың 641 байқаушысы, саяси партиялардың 15,5 мыңнан аса байқаушысы, қоғамдық бірлестіктерден 30 мыңнан аса байқаушы сайлауды бақылауды жүргізді. Сайлау учаскелерінде 1225 қазақстандық БАҚ өкілдері, 23 елдің 41 шетелдік БАҚ-тың аккредиттелген журналистері ақпарат таратты», – деді Нұрлан Әбдіров Орталық сайлау комиссиясында өткен брифингіде.

САЙЛАУ

ТЕРГЕУ ТҰТҚЫНЫНДАҒЫЛАР ДАУЫС БЕРДІ

Сайлау күні Алматы қаласындағы № 72 мекемесіндегі (Тергеу изоляторы) тергеу тұтқынындағылар да ертемен мекемеде орналасқан сайлау учаскесіне келіп, дауыс берді.

ҚР Қылмыстық-атқару кодексінің 104-бабының 3-бөлігінде көзделгендей, сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын сотталғандардан басқа күдіктілердің сайлауға қатысуға құқықтары бар. Аталған санатқа тергеу тұтқынындағылар мен соттың үкімі әлі күшіне енген, жасы он сегізге толғандар жатады.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 1 қыркүйекте Қазақстан халқына арнаған жолдауында Қазақстанда кезектен тыс ҚР Президентінің сайлауы өтетінін мәлімдеген болатын. Кезектен тыс Президент сайлауын ұйымшылдықпен өткізуге

Алматы қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты №72 мекемесінде Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің шешімімен Тергеу изоляторы орналасқан аумақ бойынша №479 сайлау учаскесі құрылып, учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері бекітілді.

Осыған орай Президент сайлауын өткізу үшін 5 кабина жабдықталды. Кезектен тыс Президент сайлауы күні 908 тергеу тұтқынындағы және сот үкімі заңды күшіне енгендер дауыс берді» – дейді № 479 сайлау учаскесінің төрағасы, әділет подполковнигі А.Аманжолов.

Мекемеде ұстау режимін сақтау мақсатында изоляторлардың камераларынан дауыс беретін учаскеге дейін қосымша посттар ұйымдастырылып, дауыс берушілердің қозғалыс маршруты бекітілген, деп хабарлайды ҚАЖД баспасөз қызметі.

Гүлнар ЖАШПАРҒАЛИҚЫЗЫ



БОРЫШКЕР БЕРЕШЕГІН ҚАЙТА ҚҰРЫЛЫМДАЙ АЛАДЫ

Елімізде берешекті қайта құрылымдау туралы шешім қабылдау нормалары «ҚР Оңалту және банкроттық туралы» заңымен нақтыланған. Көпшілікке түсінікті болу үшін айтып өтсек, бұл заң негізінен борышкер несие беруші талабын орындай алмаған кезде туындайтын қатынастарды реттеп, берешекті қайта құрылымдайды. Мұндай жағдайда оңалту рәсімдері қолданылады немесе борышкер банкрот деп танылады. Бұған қоса банкроттық рәсімін қозғамай тарату негіздері белгіленеді. Ең алдымен аталған нормаларды жүзеге асыру тәртібі мен шарттары айқындалады.

Оңалту рәсімдері сот тәртібімен қолданылады. Мысалы, оңалтуға борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталған қайта ұйымдастыру, ұйымдық-шаруашылық, басқарушылық, инвестициялық, техникалық, қаржылық-экономикалық, құқықтық және ел заңдарына қайшы келмейтін өзге де рәсімдер жатады. Оңалту рәсімдері қиындыққа ұшыраған кәсіп иелерінің тығырықтан шығуына оң ықпалын тигізеді.

Түрлі жағдайға байланысты борышкер берешегін уақытша өтей алмауы мүмкін. Сондай кездегі төлем қабілетсіздігі оның берешекті қайта құрылымдау рәсімін қолдану туралы өтінішпен сотқа жүгінуіне негіз болады. Осы заңның 28-1-бабында өзгеше белгіленбеген, сондай-ақ, сотпен оңалту немесе банкроттық туралы іс қозғалмаған жағдайда борышкер төлем қабілетсіздігінің уақытша екенін дәлелдейтін құжаттарын тіркеп, сотқа берешекті қайта құрылымдау туралы өтінішпен жүгінуге құқылы. Сонымен бірге, ол сотқа жүгінгендігі жөнінде кредиторлардың бөріне хабарлауы тиіс.



Галия ОЦЛАНБЕКОВА,
Алматы қаласының
мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотының судьясы

Мұндай өтініш заңды күшіне енген берешекті қайта құрылымдауға қатысты келісімді бекітуден бас тарту туралы сот ұйғарымы болса, сондай-ақ, қайта құрылымдау туралы келісімді қайта жасаспаған жағдайда 28-3-баптың 1-тармағында көрсетілген мерзімнің біткеніне бір жыл өтпей тұрып қабылданбайды.

Борышкер өтініші қабылданған кезде сот 10 жұмыс күні ішінде берешекті қайта құрылымдау рәсімін қолдану немесе оны қолданудан бас тарту туралы шешімдердің бірін шығарады. Сот шешімі тез арада орындалуға жатаындықтан, борышкердің бұл туралы уәкілетті орган мен кредиторларды жедел түрде хабардар еткені жөн. Соның негізінде уәкілетті орган екі күннен кешіктірмей, өзінің интернет-ресурсында борышкерге қатысты берешекті қайта құрылымдау рәсімі қолданылған

ны жайлы хабарландыру береді. Заң талабына сай, сот шешімі шыққан күннен бастап борышкердің барлық берешегі бойынша өсімпұлдар мен айыппұлдар тоқтатылады. Кредиторлар берешекті қайта құрылымдау туралы келісім жасасу кезеңінде сотқа борышкерді банкрот деп тану туралы өтінішпен жүгіне алмайды. Ал, борышкерге мүлкті иеліктен шығару барысында мәмілелер жасасуға тыйым салынған.


Сот шешімі заңды күшіне енісімен екі ай ішінде борышкер барлық кредитормен берешекті қайта құрылымдау туралы келісім жасасуы керек. Келісімде оның шарттары мен кредиторлар алдындағы міндеттемелерін орындау тәртібі, тәсілдері, мерзімі қамтылады. Айта кетерлігі, берешекті қайта құрылымдау туралы келісім үш жылға жасалып, ол сотпен бекітіледі. Бұл үшін борышкер сотқа Берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді бекіту туралы өтінішпен жүгінеді.

Өтінішке дара кәсіпкер, заңды тұлға мүлкінің меншік иесі, құрылтайшы және кредитордың әрқайсысы қол қойған берешекті қайта құрылымдау туралы келісім мен кредиторлардың тұрғылықты немесе тұрған жері, соныме қатар, берешек сомалары көрсетілген тізім қоса беріледі. Сотта берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді бекіту немесе оны бекітуден бас тарту туралы ұйғарымның бірі шығарылады. Берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді соттың бекітуінің салдары осы заңның 28-5-бабымен айқындалған.

Заңды құрметтеп, әрбір нормасын орындау кәсіпті өркендетудің бірден-бір кепілі. Сондықтан, бұл тұрғыда құқықтық сауатты арттырудың маңызы зор.

ТАРАЗЫ

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманың міндеті – адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүлделерін, халық-



МАС ЖҮРГІЗУШІ МАҢАЙЫНА ҚАТЕР

тың денсаулығын, қоршаған ортаны, қоғамдық меншікті, қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті, мемлекеттік билікті және мемлекеттік басқаруды жүзеге асырудың белгіленген тәртібін, ұйымдардың заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделерін әкімшілік құқық бұзушылықтардан қорғау, сондай-ақ, олардың жасалуының алдын алу. Оның ішінде жол-көлік оқиғалары мен өлім-жітімге көбінесе алкоголь мен психотропты заттарды пайдаланған күйде көлік жүргізу түрткі болып жатады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 608-бабы 1-бөлігінде жүргізушінің көлік құралын алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйде басқаруы, сол сияқты көлік құралын алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйдегі адамның басқаруына беру – он бес тәулік әкімшілік қамаққа және жеті жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға алып келеді. Алкогольді мас күйінде немесе есірткі қолданып не уытқұмарлық күйде екінші мәрте көлік жүргізіп ұсталған жағдайда Қылмыстық кодекстің 346-бабы 1-бөлігі бойынша іс жүргізіліп, 5 жылға дей-

ін бас бостандығынан айыру жазасы белгіленеді.

Жаңаөзен қалалық сотында 2022 жылдың маусым, шілде, тамыз айларында барлығы 598 іс қаралса, оның ішінде Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 608-бабы бойынша 48 іс қаралған. Оның 46-сы алкогольдік ішімдік ішкен күйде көлік жүргізіп ұсталса, екеуі есірткілік масаң күйде рөлге отырып ұсталған. Ал қылмыстық істер бойынша осы жылдың басынан бері барлығы 141 іс қаралып, Қылмыстық кодекстің 346-бабы бойынша 12 іс қаралған. Құқық бұзушының кейбіріне бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Статистикалық мәлеметтерге сүйенсек, жыл сайын елімізде жол апаты салдарынан екі мыңдай адам көз жұмады. Жылдамдықты шектен тыс асыру, алкоголь мен психотропты заттарды пайдаланған күйде көлік жүргізу және жол ережесінің сақталмауы орны толмас салдарға әкелетінін әрбір жүргізуші білуі керек.

М.ТОЛТАНОВ,
Жаңаөзен қалалық сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

АЛҚАБИЛЕР ҚАРАЙТЫН ІСТЕРДІҢ САНАТЫ АРТАДЫ

Еліміз санаулы уақыттың ішінде экономикасы дамыған жаңа Қазақстанға айналды. Бүгінгі таңда мақсаты биік, жоспары айқын мемлекетіміздің әрбір саласында оң өзгеріс көп. Оның ішінде сот төрелігінде де игілікті жұмыстар тоқтаусыз жүргізіліп, өміршең реформалар оң нәтижесін беріп келеді.

Мәселен, 2006 жылы қылмыстық сот ісін жүргізуге алқабилердің қатысуына байланысты қоғамдық қатынастарды реттеп, алқабилердің құқықтық мәртебесін, тәуелсіздігін кепілдіктерін, олардың қызметін қамтамасыз етудің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайтын «Алқабилер туралы» заң қабылданған болатын. Аталған заңға сәйкес, 2007 жылдан бастап алқабилер соты қолданысқа енгізілді. Ал, Ата Заңымыздың 75-бабында заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылатыны көрсетілді.

Алқаби – соттың қылмыстық істі заңда белгіленген тәртіппен қарауына қатысуға шақырылған және ант қабылдаған Қазақстанның азаматы. Алқабиге Қылмыстық іс бойынша сот төрелігін жүзеге асыруға қатысу жөніндегі өкілеттігер берілген. Ал, сот процесіне азаматтардың қатысуын қамтамасыз ету мақсатында жергілікті атқарушы органдар жыл сайын алқабиге кандидаттардың бастапқы, бірыңғай және қосалқы тізімін жасайды. Сондай-ақ, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотта және қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери сотта алқабилер қатысатын сот бір судья-

ның және он алқабидің құрамында әрекет етеді.

Осы орайда бүкіл сот талқылауы барысында іс бойынша төрағалық етуші, мемлекеттік айыптаушы, жәбірленуші, сотталушы, қорғаушы, процестің басқа да қатысушыларының істі қарауға қатысатын алқабилермен белгіленген тәртіппен бөлек қарым-қатынас жасауына тыйым салынатынын атап өткен жөн. Қылмыстық сот ісін жүргізуді осы бөлімде көзделген қағидаларға сәйкес жүзеге асыру күдікті, айыпталушының өз ісін соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтінішхаты бойынша жүргізіледі. Судья алқабилердің қатысуымен басты сот талқылауын тағайындау туралы қаулыда келушілердің саны кемінде жиырма бес адам болатындай етіп сот отырысына шақырылуға тиісті алқабиге кандидаттардың жалпы санын анықтаса, сот отырысының хатшысы ҚІПК-нің 638-бабына сәйкес, алқабиге кандидаттарды соттағы бірыңғай және қосалқы тізімдерден алдын ала кездейсоқ таңдау жүргізу арқылы іріктеп алады.

Бүгінгі таңда елімізде алқабилер сотын нығайту, жетілдіру мәселелері күн тәртібінен түскен емес. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауында «Алқабилер сот төрелігін жүзеге асыруға қоғам өкілдерінің кеңінен қатысуына жол ашады.

Қазақстанда алқабилер тек аса ауыр қылмыстар бойынша үкім шығара алады. Біз бұл саланы одан әрі дамытып, алқабилердің қарауына берілетін істердің санатын кеңейтеміз», – деген болатын.

Аталған тапсырма аясында елімізде «Қылмыстық-процестік кодекске алқабилердің қатысуымен сот қарайтын істер санатын кеңейту бойынша өзгерістер енгізу туралы» заң жобасы жасалды. 2015 жылы алқабилер қарайтын істер санаты аса ауыр қылмыстардың 14 құрамына дейін кеңейсе, енді 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап алқабилер сотының соттылығы тағы 16 құрамға көбейтілмек. Алдағы жылдан бастап алқабилердің қатысуымен аса ауыр қылмыстардың түгелге жуығы (31 құрамы) қаралатын болады. Сондай-ақ, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап тағы 13 ауыр қылмыс құрамын беру көзделіп отыр. Атап айтсақ, Қылмыстық кодексте 116-баптың 2, 3-бөліктері (адамның дене мүшелерін заңсыз алу), 146-баптың 2, 3-бөліктері (азаптау), 249-баптың 2-бөлігі (рейдерлік), 317-баптың 4-бөлігі (медицина қызметкерінің әрекеттерінен абайсызда екі немесе одан да көп адамның қаза болуы), 335-баптың 4-бөлігі (ауыр салдарға әкелген балық пен басқа да су жануарларын заңсыз аулау) және т.б.

Қорыта айтсақ, алқабилердің сотына қатысты мұндай жаңашылдық сот жүйесін демократияландыруға, қоғамның сотқа деген сенімін арттыруға мүмкіндік бермек.

Замира МАХИТОВА,
Мұнайлы аудандық сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

Ауыл халқының күнкөріс көзі – мал шаруашылығы. Сондықтан, мал ұрлығын тыю мәселесі барлық уақытта өзектілігін жоймайды. Өйткені, елдің малын алу оларды күнделікті тіршілігінен айырумен бірдей.

МАЛДАН АЙЫРУ – ТІРШІЛІКТЕН АЙЫРУМЕН ТЕҢ

Бұл мәселе Мемлекет басшысының назарын аудартып, 2020 жылы кейбір заңнамалық актілерге қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң қабылданған болатын. Соның негізінде Қылмыстық кодекс 188-1-бабымен толығып, мал ұрлығына қатысты жаза түрлері күшейтілді.

Жазаның қатаңы нәтижесіз емес, ресми мәліметтер соңғы екі жылда республикамызда мал ұрлығы көрсеткішінің анағұрлым төмендегенін көрсетіп отыр. Бірақ, бұған қарап, онымен күресті босаңсытуға әлі ерте. Олай дейтініміз, қоғамымызда жұртшылықтың маңдай терімен баққан малын, яғни, ақадал еңбегін оңай олжа еткісі келетіндердің аз еместігі сотқа түсіп жатқан істерден көрінеді.

Құқықтық сауатты көтеру өз кезегінде ұры-қарылармен күресті күшейтудің тиімді құралы болары анық. Себебі, заң талаптарын қатайтумен бірге халыққа жеткізудің, сол арқылы жеңіл жолмен пайда табуды қалайтындарға ойсыз әрекетінің соны қандай жазамен аяқталатынын ұғындырудың да маңызы зор.

Мал ұрлығын кәсібіне айналдырғандар жазасы қаншалықты қатайды десек, 188-1-баптың 1-тармағымен сотталушының мүлкін тәркілеу, үш мың АЕК-ке (айлық есептік көрсеткішке) дейін айыппұл салу немесе осы мөлшерде түзеу жұмыстарына тарту, сондай-ақ, бес жылға дейін бас бостандығын шектеу мен бас бостандығынан айыру жазалары көзделген.

Алдын ала келісу арқылы топ құрып, ірі мөлшерде мал ұрлығын жасағандар жазасы бұдан да қатан. Олар үш жыл мен жеті жыл аралығында бас бостандығынан айырылады, бұған қоса жиған-тергені тәркіленеді. Егер малды тұрғын үйдің, кәсіпорынның, сол секілді қандай да бір ғимараттың жабық ауласынан, мал қорадан алып кеткендер мүлкі тәркіленумен қоса, бес жылдан он жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Аса ірі мөлшерде мал ұрлығын жасаған қылмыстық топ мүшелерінің мүлкі тәркіле-

неді, әрі әрқайсысы жасаған әрекетіне қарай жеті жылдан бастап он екі жылға дейін бас бостандығынан айырылады.

Мал ұрлығының белең алуына ағайынгершілікпен кешіру, татуласу шараларының да өзіндік ықпалы болғанын жоққа шығармаймыз. «Дәніккеннен құныққан жаман» демекші, кешірім алып үйренгендердің баяғы әдетіне қайта баспасына ешкім кепілдік бермейді. Осы жағы да ескеріліп, Қылмыстық кодекстің 68-бабымен татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату қылмыстық топ құрамында қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайтын болып бекітілді. Сонымен қатар, бұрынғы қылмысы үшін татуласу арқылы жазадан босатылғаннан кейін белгіленген қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімі ішінде қасақана қылмысқа барғандар да татуласа алмайды.

Заңның осындай тұстарын насихаттау арқылы санасында сәулесі, келешегінен үміті бар жандардың оңай олжаға деген көзқарасының өзгеруіне әсер ете алсақ, онда мақсатымыздың орындалғаны.

Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен мал ұрлығын жасағандар жазасының қатаңдатылуы ата кәсіппен айналысатын ауыл тұрғындарының шаруасын одан әрі дөңгелетуіне жағдай жасағаны анық. Себебі, жоғарыда айтқанымыздай, аталған санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны азайды. Жалпы алғанда, қылмыстың ашылуы – оның жолын кесудің бірден-бір тәсілі. Сондықтан, мал ұрлығының алдын алуда құқық қорғау органдары қызметкерлерінен айрықша белсенділік талап етіледі.

Ұрлық түбі қорлық дегенді бабаларымыз баяғыда айтып кеткен. Даналардың осынау өмірлік өсиетін ел азаматтары естен шығармаса деген тілегіміз бар. Кез келген қылмыс жазасыз қалмайды, болашағымызды ойлайық.

Аруслан ШАМУРАТОВ,
Кербұлақ ауданы №2 сотының судьясы
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Алдымен музейдің құрылу тарихына, мақсатына тоқталсақ. Жалпы, Жаңалықтан музей ашуға не себеп болды?

– Алматы облысы, Талғар ауданы, Жаңалық елді мекеніндегі «Саяси қуғын-сүргін құрбандары» музейі 2018 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Алматы облысы әкімінің қолдауымен салынған болатын. 1937-38 жылдардағы сол бір зұлмат кезеңде НВҚД-ның қанды қолынан құрбан болған жазықсыз жандарды осы Жаңалық ауылының іргесіне әкеп көмген екен. Ол жаққа апарудың нақты себебі белгісіз. Білетіндердің айтуынша, бұл жер 30-жылдардағы ашаршылықтан кейін бос қалған екен. Сонымен қатар сазды жер болғандықтан да, сол жаққа



Мейіржан МҰСАБАЕВ, «Саяси қуғын-сүргін құрбандары» музейінің меңгерушісі:

«МУЗЕЙ – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ҰЛЫҚТАУДЫҢ БІР ШАРАСЫ»



апарған болуы керек. Тұрғындар саны өте аз болған. Тұрып жатқандарының өзін «Бұл жерге біз арам өлген малдарды көмеміз. Ауруы жұғады, сондықтан бұл жаққа жиналмаңыз» деп күндіз әскерилер барып, траншея қазады, ал түнде ату жазасына кесілген құрбандардың мәйіттерін апарып көміп отырған. Бұл туралы тек 1989 жылы ғана белгілі болды. Ол жақтағы жерді зейнеткерлерге саяжай ретінде бөліп берген. Құрылыс басталған кезде әр жерден адам сүйектері табылып отырған. Барлығын бас сүйектерінде, дәлірек айтсақ, шүйдесінде оқтың ізі тесік болып қалған екен. Содан кейін ғана ҰҚК саяси қуғын-сүргін құрбандарының барлығы осы Жаңалыққа әкеліп көмілгендігін ауызша мойындаған. Дегенмен, оны дәлелдейтін ешбір құжат немесе акт әлі күнге дейін қолға берілмеді. Негізі әр құрбанды атқан кезде акт толтырылған. Онда ату кезінде қатысқан НКВД-ның бір мүшесінің, прокуратура өкілінің, медициналық қызметкердің, атқан адамның аты-жөндері жазылған және олардың әрқайсысы құрбанның өлтірілген уақытын белгілеп, қол қойған.

ҰҚК мойындағаннан кейін осы жерге естелік ретінде кішкентай тақтайша орнатылған болатын. 1989 жылы «Әділет» тарихи-ағартушылық қоғамы құрылды. Ұйымның мақсаты – репрессия құрбандарын анықтау, ақтау, Алаш зиялыларының шығармаларын қайта басып шығарып, насихаттау. 2000 жылы «Әділет» ұйымының мүшелері Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың қабылдауында болып, осы Жаңалыққа үлкен мемориалдық кешен салу туралы ұсыныс жасады. Содан екі жыл өткенде, яғни 2002 жылы, Жаңалықта мемориалдық кешен тұрғызылды. Ал 2018 жылы Саяси қуғын-сүргін музейі салынды.

– Музейдің залдары туралы толығырақ айтып беріңізші.

– Музейдің жалпы алаңы 535 шаршы метрді құрайды. Музей үш залдан тұрады. Біріншісі – «Қазақстандағы

1916–1986 жылдар аралығындағы қуғын-сүргін тарихы» залы. Қуғын-сүргін құрбандары сотталған кезде, дүние-мүліктері тәркіленіп отырғандықтан, олардың заттары бүгінге дейін жетпеді. Сондықтан да музейдің экспозициясын, негізінен, құжаттар құрайды. Оның ішінде құрбандардың сотталғандығы туралы құжаттардың көшірмелері, тергеу кезінде алдынан және жанынан түсірілген суреттері бар. Олардың барлығы Алматы облыстық мемлекеттік архивінен, ішкі істер департаментінің, прокуратураның архивінен, Президент архивінен, ҰҚК архивінен алынып, жинақталып, тізімге алынып отыр. Жалпы, 1993 жылы қабылданған «Саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы» заңда «нақты тергеу құжаттары қолға берілмесін» деп көрсетілген. Сол

заңға сүйеніп, актілер қолға берілмей отыр.

Екіншісі – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған «Реквием» залы. Мұнда Алматы облысы бойынша қуғын-сүргінге ұшыраған 4125 адамның аты мен тегі мәрмәр тасқа қашалып жазылып, қабырғаларына ілінген. Олардың екі тілде берілген қысқаша өмірбаяны осы залға қойылған ақпараттық дүңгіршектерден көруге болады.

Үшінші залда – Жаңалық ауылында мемориал орнатуға бастамашы болған, репрессия құрбандары туралы 9 томдық «Азальы кітап» шығарған «Әділет» тарихи-ағартушылық қоғамы және оның қызметіне қатысты ұйымның әр жылдардағы төрағалары, өткізілген конференция, жиындар, т.б. шаралар туралы мәліметтер, фотосуреттер қойылған. Сонымен қатар, жоғарыда айтылғандай, Алаш зиялыларының шығармашылық мұрасын зерттеп, қайтадан басып шығарған кітаптар да келушілер назарына ұсынылады.

Сонымен қоса музейде Алаш зиялыларын насихаттау мақсатында әртүрлі мәдени іс-шаралар өтіп тұрады. Бұдан басқа саяси қуғын-сүргін құрбандарын зерттеу мақсатында отандық және шетелдік ғалымдардың қатысуымен әртүрлі ғылыми-тәжірибелік конференциялар, кездесулер, басқа да түрлі форматтағы жиындар өтіп тұрады. Был 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай көршілес Қырғыз елінің ғалымдарымен бірлесе конференция өткізілді. Одан бөлек, музейде халықаралық деңгейде ұйымдастырылған конференцияда Польша елінің ғалымдар қатысып, өздерінде өткен репрессия тарихын зерттеу, құрбандарды анықтау бағытында атқарып жатқан жұмыстарын ортаға салып, тәжірибелерімен бөлісті.

– Қандай құнды жәдігерлер бар? Оларды қалай жинақтадыңыздар?

– Қазіргі таңдағы музей қоры соншалықты көп деп айтуға келмейді. Өйткені, небары 4 мыңның үстінде құжат және 129 жәдігер бар. Әңгімеміздің басында Жаңалық ауылының орнында үлкен қорым болған деп айтып өттік қой. Қай жерді қазса да, астынан адам сүйектері шығады. Солармен бірге көптеген заттар да табылған. 2018 жылы осы Жаңалық ауылының тұрғыны ауласында су құбырын жүргізу мақсатында жер қазу жұмыстары барысында адам сүйектерін тапқан. Дерее қазба жұмыстарын тоқтатып, әкімдікке, құқық қорғау органдарына хабар берген. Құзырлы мамандар жүргізген қазба жұмыстарының нәтижесінде 2×3 м жерден ғана 163 (!) адамның сүйектері табылған. Сүйектермен бірге құрбандардың аяқ киімдері, қалтасында болған ақшасы, көзілдірік, мүшкетер, атылған октар мен олардың гильзалары шыққан. Бұл заттардың барлығы баға жетпес жәдігер ретінде көрмеге қойылды.

Одан бөлек, музейге келетін оқушыларға және қонақтарға сол зұлмат кезеңнің нәубетін көз алдына елестету үшін диорамалар құрылған. Олардың ішінде балауыздан жасалған мүсіндер арқылы тергеу жүргізілу сәті, атуға алып бара жатқан кезі, Қазақстан аумағында болған 11-ден аса түзету лагерінің ішіндегі бірегейі – АЛЖИР-де (Ақмоладағы Отанын сатқандардың әйелдеріне арналған лагерь) отырған әйелдердің адам төзгісіз ауыр тұрмысынан көріністер бейнеленген.

Сондай-ақ, сол дәуірдің адамдарының күнделікті тұрмыста қолданған заттары да музейіміздің құнды жәдігерлерінің қатарында.

– Құзырлы органдардан бөлек, жекке тұрғындардың өздері келіп жәдігерлерді тапсыруы кездесе ме?

– Біздің музей туралы естіп, арнайы келетін қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтарының саны жыл санап артып келеді. Аты-жөні жазылып, қабырғаға ілінген 4125 адамның құжаттары тек музей ашылған сәттегі ашық қорда болған деректердің негізінде ғана жасалған. Қазіргі таңда бұл тізімдегі құрбандар саны 10 мыңнан асты. Тізімге кейіннен енген құрбандардың ұрпақтары келіп, әкесінің, атасының сол бір нәубеттің құрбаны болғандығын дәлелдейтін құжаттарды, сол кездері тұтынған бұйымдарын әкеліп тапсыратын жағдайлар болып тұрады. Біз олардың барлығына толықтай құжаттама толтырып, тиісті рәсімдерден соң музейге қабылдаймыз. Жәдігер тапсырушыдан міндетті түрде қолхат алынады. Себебі, кейін өткізілген жәдігерге байланысты дау-дамайлар туындап жататын жағдайлар да аз емес. Мысалы, жәдігер иесінің өзі біраз уақыттан соң қайтарып алам деп келуі мүмкін немесе басқа туыстары қарсылық білдіріп, алып кетем деп шу шығаратын жағдайлар да болып тұрады. Сол себепті әр құжатқа, әр жәдігерге өзіне тиісті нөмірі беріліп, акт арқылы қабылданып алынады.

Жоғарыда айтылғандай, бұлар – тек ашық қорда сақталған мәліметтер. Одан бөлек Ішкі істер департаментінің, ҰҚК архивтерінде жабық қор бар. Онда сақтаулы құжаттар, өкінішке қарай, әлі күнге дейін қолға берілмейді. Тек арнайы рұқсаты бар жандардың кіріп, көріп, танысуына болады. Бірақ олардың көшірмесін алуға, жариялауға тыйым салынған.

2020 жылы 24 қараша күні Президентіміз Қ. Тоқаевтың Жарлығымен

саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылып, өңірлерде филиалдары ашылды. Комиссияның мақсаты – әлі де болса ақталмаған құрбандарды анықтап, зерттеп, олардың тізімін беру. Осы жерде комиссия мүшелеріне жаңағы айтылған жабық қордағы құжаттармен, мәліметтермен танысуға мүмкіндік берілгенін айта кеткен жөн. Сол жерден алынған мәліметтерді зерттеп, елеп-екшеп, осы адамдарды ақтау керек деп комиссияға ұсынады. Бұл комиссияның жұмысы тоқтаған жоқ, әлі де жалғасып жатыр, тіпті, қарқын алып келеді деп айтуға болады. Олардың атқаратын жұмыстарының көлемі өте ауқымды. Айталық, бір Алматы облысы бойынша бір архивтің өзінде 5 мыңға жуық ақталмаған құрбан бар. Одан бөлек, тағы да басқа жабық қорларда әлі оншақты

орын тапса деген жоспарымыз бар. Ендігі мақсат – тек Алматы облысының ғана емес, бүкіл Қазақстан бойынша саяси қуғын-сүргін, ашаршылық құрбандарының да аты-жөндерін жазып орнату. Өйткені, музейге еліміздің түкпір-түкпірінен келіп жататын қонақтардың арасында кейбіреулері өздерінің ата-бабаларының аты-жөнін тізімнен таппай, орынды реніштерін білдіріп жатады.

Бүгінгі таңда бұл жоспарымыздың жобасы дайын және ол Алматы облысының әкімдігіне, салалық министрлік басшыларына таныстырылды, ендігі мәселе тек қаржыландыруға тіреліп отыр. Бұйырса, көп кешікпей ол да болып қалар деген үміттеміз.

Тағы бір үлкен жоспарымыз бар, ол – Жаңалық ауылының және Боралдай елді мекенінің аумағында археологиялық жұмыстар жүргізу. Оған себеп – 19 наркомның (халық комиссары) атылып, сол Боралдай жерінде көмілгендігі туралы деректер. Аз-кем түсінік бере кетейін: 1946 жылға дейін қазіргі министр денгейіндегі мемлекеттік қызметтегі



мындай құжаттар бар. Олардың бәрімен танысып, құжатнамасын жасап, арнайы ұсыныстар дайындалады.

– Музейге кімдер жиі келеді?

– Негізінен келушілеріміз – жоғары сынып оқушылары. Себебі, Қазақстан тарихы пәні бойынша жоғары сыныптарда оқытылатын тақырыптардың бәрі біздің музейден табылады. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, Алашорда үкіметінің құрылуы, Азамат соғысы, одан кейін автономиялық мемлекет болып құрылуы, аштық, репрессия, депортация, Ұлы Отан соғысы – осының барлығы біздің музейде көрсетілген. Сондықтан көбіне жоғары сынып оқушылары және студенттер келеді. Сонымен қатар жан-жақтан репрессия құрбандарының ұрпақтары келуде. Олардың ішінде шетелдерден келетіндер де бар. Өйткені, жоғарыда айтылған Алматы облысы бойынша қуғын-сүргінге ұшыраған 4125 құрбанның барлығы тек қазақтар ғана емес, олардың арасында өзге ұлттар да көп: поляк, неміс, қаріс, т.б. жүзге жуық ұлт өкілдері бар. Сол кезде олар Алматы облысында тұрып жатқандықтан, осы тізімге енген болатын. Қазір олардың ұрпақтарының көпшілігі тарихи отандарына көшіп кеткен, дегенмен, біздің музейдің ашылғандығы туралы, онда құрбандардың тізімі бар екенін естіп, өз көздерімен көру үшін шетелдерден арнайы келетін қонақтарымыз да өте көп.

– Музейді дамыту бағытындағы алға қойған қандай жоспарларыңыз бар?

– Біздің музей Алматы облыстық бірлестігінің құрамындағы 11 филиалдың бірі болып табылады. Ұжымымызда 12 адам жұмыс істейді, олардың төртеуі – ғылыми қызметкерлер болса, қалғандары – техникалық қызметкер.

Болашақта алға қойған мақсаттарымыздың бірі – музей жанындағы ауқымды аймақтан ашық дала музейін ашу. Сол жерден «Атабейіт» деген кешен тұрғызу жоспарланған. Оның ішінде ұлт-азаттық көтерілісті, аштық, депортация, ату жазасы сияқты ел басынан өткен ауыр кезеңдерді тас мүсіндер арқылы көрсету де ойымызда. Сонымен қатар музей қабырғаларына жағалай 4125 құрбандың аты-жөндері жазылған тақталар ілініп тасталған. Басқа тақталарды ілуге орын жоқ. Кейіннен табылып, анықталған басқа құрбандардың есімдері жазылатын тақталар да осы ашық аспан астынан

тұлғалар «халық комиссарлары» деп аталған. Бізге жеткен ауызша деректерге сүйенсек, Ұзақбай Құлымбетов бастаған 19 нарком 1938 жылдың 25 қазанында бір түнде атылып, Боралдай жаққа шығарылды деген дерек бар. Оны сол аталған комиссарлардың мәйітін тасыған жүргізушінің өзі айтып кеткен. Сол кезеңдегі Алматы облыстық атқару комитетінің төрағасы (қазіргі тілмен айтқанда – облыс әкімі) Шаппақ Артықбаевтың жүргізушісі «үш әріптің» адамдары үш күнге сұрап алып кетеді. Үш күннен соң орнына қайтып оралған жүргізуші ешкімге ештеңе айтпастан, жұмыстан босатуы сұрап өтінішін жазады. Шаппақ Артықбаев іссапарға барамыз деген желеумен қаладан ұзап шыққан соң, жүргізушісінен мәселенің маң-жайын түсіндіріп беруді сұрайды. Ләм-мим демей, бір нүктеге тесіле қарап қалған жүргізушісі басында жак ашып, ештеңе айтпайды. Дегенмен бастығы ұзақ уақыт үгіттеп, әрең дегенде ішкі сырын ашуға көндіреді. Сонда жүргізушісі жоғарыдағы әңгімені жайып салады. Айтып қана қоймай, Боралдайға апарып, комиссарларды көмген жерді де көрсетеді. Содан кейін жүргізуші жұмыстан шығып кетеді. Қайда кеткенін де ешкім білмейді. Кейін қуғын-сүргін зобаланыңын құрығына ілінген Ш. Артықбаевқа да «халық жауы» деген жала жабылып, 18 жылға сотталып кетеді. Түрмеден шыққан соң, 19 наркомның бірінің баласын тауып алып, әкесінің сүйегі жатқан жерді көрсетеді.

Археологиялық жұмысты қолға алудағы мақсат – кешенді қазба жұмыстарын жүргізіп, сол 19 халық комиссарының сол жерде жатқан-жатпағанын нақтылау. Ұзақбай Құлымбетовтың қызы Орынша апай бүгінде көзі тірі, жасы тоқсанға таяп қалған. Егер сүйектер табылған жағдайда, сол апайдың ДНК сараптамасы арқылы туыстығын анықтасак деген ойымыз бар. Бұл – осы тарихи жылдардың оқиғасын, оның жазықсыз құрбаны болған азаматтардың есімдерін жаңғыртып, оларды мәңгі есте сақтау жолындағы атқарар жұмыстардың бір парасы.

– Құнды мәліметтермен бөлісіп, сұхбат бергеніңізге рақмет! Барлық бастамаларыңызға сәттілік тілеймін!

Сұхбатты жүргізген
Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Ақмола облыстық сотының төрағасы Арман Жүкенов және Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің ректоры Марат Сырлыбаев стратегиялық ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.



ЗАҢ КЛИНИКАСЫ АШЫЛДЫ

Меморандум бәсекелестікке қабілетті мамандарды даярлау, заңгерлердің біліктілігін арттыру мен қайта даярлау саласында өзара ынтымақтастықты көздейді.

Сот пен университет келесі мәселелер бойынша ынтымақтастық жасауға міндеттенді:

- кәсіби бағдар бойынша бірлескен іс-шаралар;
- студенттердің кәсіби практикасы;
- зерттеулер, жана тәсілдерді әзірлеу, қызметтерді ақпараттандыру, инновациялық жобалар;
- ғылыми-зерттеу еңбектерін мақұлдау;
- қонақ дәрістерін өткізу және басқалар.

Ақмола облыстық сотының баспасөз қызметі

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

КАМЕРАЛДЫҚ БАҚЫЛАУҒА БАЙЛАНЫСТЫ САЛЫҚТЫҚ ДАУЛАР

Бақылау мәселесі өте өзекті проблема. Негізгі заңның бұзылмауын қадағалау – жалпы мемлекеттің міндеті. Құқықтық нормативтік актілерді шығарып және оның орындалуына бақылауды жүзеге асыру отырып, мемлекет қоғамдық саяси жүйенің субъектісі ретінде әрекет етеді. Сол арқылы мемлекеттік бақылау заң мен тәртіптің сақталуын қамтамасыз етеді.

Салықтық бақылау дегенде салық заңдылықтарын қарастыратын Салық кодексі және заңдық нормативтік актілердің орындалуын бақылау деп түсіну қажет.

Салықтық бақылаудың әртүрлі негіздерін қарастыра отырып, оны төмендегіше жіктеуге болады. Салықтық бақылауды жүзеге асыру формасы бойынша:тікелей және сырттай бақылау. Тікелей біріншіден, тексеру бақылау объектісінде өтетіндігінен, екіншіден, тексеруші тұлға алғашқы құжаттармен, салықтық есепке қатысты құжаттарды тексеруі арқылы талдау жасайтындығымен сипаттауға болады. Сырттай біріншіден, бақылау субъектісі мен объектісі тексеру жүргізу кезінде байланысқа түспеуі мүмкін, яғни сырттай тексеру жүргізіле беретіндігімен сипатталады. Тексеруші негізінен есептіктермен жұмыс істейді. Бұл салықтық бақылауға камералдық тексеруді жатқызуға болады.

ҚР Салық кодексінің 94-бабына сәйкес салық төлеуші (салық агенті) ұсынған салықтық есептілікті, уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін, сондай-ақ, салық төлеушінің қызметі туралы басқа да құжаттар мен мәліметтерді зерделеу және талдау негізінде салық органдары жүзеге асыратын бақылауды камералдық бақылау дейміз.

Камералдық бақылау тәуекелдерді басқару жүйесінің құрамдас бөлігі болып есептеледі.

Салық органдарына тіркеу есебіне қою және осы кодекстің 96-бабына сәйкес салықтық есептілікті ұсыну және салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді төлеу арқылы салық органдары камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықтаған бұзушылықтарды салық төлеушіге дербес жою құқығын беру – камералдық бақылаудың мақсаты.

Салық кодексінің 95-бабында

Іс-шараға қатысушылар меморандумға қол қойғаннан кейін Көкшетау қалалық сотында Заң клиникасының салтанатты ашылу рәсімін өткізді.

Заң клиникасының бөлмесі соттың бастамасымен студенттердің халыққа тегін құқықтық көмек көрсету және құқықтық түсіндіру жұмысын жүргізу жөнінде практикалық дағдыларын арттыру үшін ашылды.

ды тұлғадан және (немесе) дара кәсіпкерден тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді іс жүзінде алғанын дәлелдеуге құқылы.

Осы бап негізінде ЖШС-нің сотқа жүгінгендігін мысал ретінде айтуға болады. ЖШС әкімшілік талап жазып, онда мемлекеттік кірістер басқармасының хабарламасын заңсыз деп тануды сұраған. Соттың анықтағаны, серіктестікке қатысты камералдық тексеру жүргізілгенде қосылған құн салығы асыра есептелгендігі анықталған.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша серіктестікке хабарлама жолданған, салық төлеушіге өз еркімен құқық бұзушылықтарды жою ұсынылған. Алайда, ЖШС хабарламамен келіспей, сотқа жүгінді.

Қосылған құн салығының төлеушілері болып табылмайтын салық төлеушілермен өзара есеп айырысулар бойынша қосылған құн салығының сомасын заңсыз есепке жатқызуы, даулы хабарламаны шығаруға негіз болған.

Осыған орай, сот, даулы хабарламаны заңды деген тұжырымға келіп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартты.

Келесі мысалы, бұл жерде ЖШС-гі сотқа, камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған құқықбұзушылықтарды жою туралы хабарламаны заңсыз деп тануды сұраған.

Соттың шешімімен талап арыз қанағаттандырылып, камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған құқықбұзушылықтарды жою туралы хабарлама заңсыз деп танылды.

Бұл жерде ЖШС-гі Салық кодексінің 96-бабының 5-тармағын басшылыққа алып, заңды күшіне енген сот шешімі негізінде тіркелуі жарамсыз деп танылған заңды тұлғадан тауарды іс жүзінде алғанын дәлелдейтін құжаттарды сотқа ұсынды.

Сот, талап қоюшымен ұсынылған құжаттарына баға беріп, талап қоюды қанағаттандырды.

М.ШАРИПОВА,
Ақтөбе облыстық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

ТЕМІРҚАЗЫҚ

КИЕ

ТІЛ – ҰЛТ ТҰҒЫРЫ

*Ана тілің арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте,*

– деп акын ағамыз жырлағандай, еліміз егемендік алып, көк байрағымыз көкте желбірегелі 31 жылдың жүзі болды.

Тәуелсіздікке қолы жеткен қазақ халқы бүгіндері елдік мұраттар тұрғысындағы бары мен жоғын түгендеп, еңсесін көтеріп келеді. Төл дүниетаным мен болмысымызды айшықтай түскен сайын азаттық тұғыры да нығайып, биіктей түсетіндігіне тарих куә.

Қазір ар мен намыстың, күмән мен үміттің, болашаққа деген сенімнің айрықша баламасына айналған тіл тағдырына алаңдаушылық аса маңызды қоғамдық-саяси құбылыс болып отыр.

Рас, азаттық алғалы ана тіліміздің мәртебесін көтеріп, мерейін өсіру үшін аз қажыр-қайрат жұмсалған жоқ. Мемлекет тарапынан біртұтас ел саясаты қалыптастырылып, қазақ тілі мемлекеттік тіл атанды. Оның заңдылық негіздері ҚР Конституциясында, ҚР тіл саясатының тұжырымдамасында, «Тіл туралы» заңында жан-жақты айқындалды. Мемлекеттік тілді кастерлеу – барша қазақстандықтар үшін отаншылдық үлгісі. Қоғамдағы азаматтық келісіммен тұрақтылық кепілдіктерінің бірі деген оң көзқарастар орнығып келеді.

Алайда, әлі де болса ана тіліміздің айдарынан жел есе қойған жоқ. Керісінше көп мәселе қағазда шешімін тапқанымен, өмірде өрге

БАҒДАР

Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығы және әділдігі, өз жұмысына деген жауапкершілігі, қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуы аса маңызды. Яғни, қызметшінің кәсібилік деңгейі мен жоғары моральдық адамгершілік қасиеттері қатар тұру керек.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ – ҚОҒАМ АЙНАСЫ

Мемлекеттік қызмет – бұл адамдардың әлеуметтік қызметінің бір түрі. Мемлекеттік қызметшілердің міндеттері мен жауаптылығы, мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулер «ҚР Мемлекеттік қызмет туралы» заңында көрсетілген.

Мемлекеттік қызметші азаматтардың мүдделерін бөрінен жоғары қоюы керек және жүктелген міндеттемелерді адал орындауды өз міндеті деп санауы тиіс. Азаматтармен өзара қарым-қатынас тиімді мемлекеттік аппараттың негізгі өлшемдерінің бірі. Демек, адамдар арасында осы қызметші туралы дұрыс пікір, он көзқарас, оған деген айқын сенімділік қалыптасуы қажет. Бұл үшін бір ғана кәсіби білімділік пен білгірлік жеткіліксіз, одан басқа қызметшінің жеке мінез құлық мәселесі бар. Яғни, қызметшінің кәсібилік деңгейі мен

ОРТАҚ МҮДДЕ

ІС ҚАҒАЗДАР МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ЖҮРГІЗІЛУІ ТИІС

«Тіл туралы» заңның 4-бабында «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі» делінген.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын тіл болғандықтан, жүргізілетін барлық іс-қағаздары мен құжаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс. Сонымен қатар, сот жүйесінде іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу мәселесіне жігі көңіл бөлінуде. Ресми құжаттар негізінен мемлекеттік тілде жазылады.

Тіл – ұлттың болмысын ұғындырып, халықты бірікке шақыратын біріктіруші құрал. Мемлекеттік тілді жетік білу өмір талабы, заман сұранысы, қоғам қажеттілігі. Мемлекеттік тілді өмірдің барлық саласында қолданып, аясын кеңейту жолында әрбір еліміздің азаматы өзінің міндеті деп түсініп оны орындағанда ғана, тіл мәселесінің оңтайлы болатынына көзіміз жетіп отыр.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрмет-

баспай отыр. Біздің жанымызға батып, арқамызды аяздай қаритын да осы жағдай. Жыл сайын қыркүйектің 3-жексенбісі Қазақстан халықтарының тілдері күні болып жариялануы – аса маңызды гуманистік қадам. Ол, ең алдымен, тілге, сол арқылы жасалатын мәдениет пен өнерге деген қоғам мен мемлекет тарапынан көрсетілуге тиіс ілтипаттың бір өнегесі.

Тіл – адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жақындастырып, табыстыратын өзгеше құрал. Тіл қарым-қатынас құралы болуымен бірге оны тұтынушы халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, дүниетанымдық ерекшелігін, ұлттық болмысын, рухани-мәдени байлығын, сан ғасырларға созылған даму тарихын ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып, жеткізуші, жинақтаушы қызметін атқарады.

Осы қасиеттеріне сәйкес қазақ халқының ана тілі – қазақ тіліне мемлекеттік тіл ретінде басымдылық берілетінін негіздеген Ата Заңымызбен «Тіл туралы» заңы және «Тілдерді қолдану мен дамыту туралы мемлекеттік бағдарламаларға» сай қазақ тілі еліміздің бүкіл аймағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі болуы тиіс.

Елена МУСЕНОВА,
Шахтинск қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының кенсе менгерушісі
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ



жоғары моральдық адамгершілік қасиеттері қатар тұру керек.

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қояды. Мемлекеттік қызметші қызметтен тыс уақытта да жалпы қабылдаған моральдық әдептілік нормаларын ұстануға, қоғамға жат мінез-құлық, оның ішінде қоғамдық орындарда адамдық қадір-қасиетін сақтауға, қарапайым болуға, қоғамға жат әрекеттерді жасауға жол бермеуге тиіс.

М. ЖЕБЕЛХАНОВА,
Маңғыстау облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кенсе менгерушісі

Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту, тілдің қолданылу аясын арттыруға күш салу. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан тілдік қорымызды үздіксіз жетілдіріп отыру үшін заңдар қабылданып, бағдарламалар жасалған. Осы мүмкіндіктерді пайдаланып мемлекеттік тілдің қолдану өрісін кеңейту өз қолымызда.

Айнагүл ТЕМИРЗАХОВА,
Орал қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтыр жөніндегі мамандандырылған соты кенесінің бас маманы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ШАРА

МЫҚТЫ МАМАНҒА СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ



«Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген бабаларымыз ұрпағының сауат ашуына, білім көкжиегін кеңейтуге айрықша мән берген.

Көзі ашық азаматтардың қарпін танитын молдаларды ауылға арнайы шақырып, балалардың білім алуына қолдан келгенше көмектескенін талай әдебиеттен оқып таныстық. Ал қазір білсем, көрсем, үйренсем деп талаптанған жастардың алға басуына ешқандай кедергі жоқ. Керісінше, білімге ұмтылған жастарға таңдау үлкен. Өйткені, алыс-жақын шетелдегі жоғары оқу орындарын айтпағанда, Қазақстанның өзінде маман дайындайтын білім ошақтары баршылық. Соның ішінде сапалы білім беретін,

заманауи талаптарға толық жауап беретін бір оқу орны болса, ол – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті екені талассыз. Университеттің жанында колледж жұмыс істейді. Жақында колледж шәкірттерінің қатысуымен «Мықты маман – қоғам тірегі» деген тақырыпта дөңгелек үстел өтті.

Қай оқу ордасы болсын шәкірттеріне заман қажеттілігіне сай білім беруді, шеберлігін шыңдауды мақсат етеді. Біздің колледжде де заң ғылымын дамытуға елеулі үлес қосқан

ғалымдар топтастырылған. Сонымен бірге, білімді тәжірибемен ұштастыру мақсатында құқық қорғау, прокуратура, сот, адвокатура сияқты заңмен тікелей жұмыс істейтін мамандарды колледжге арнайы шақырып, қонақтар дәрісін өткізу дәстүрге айналған. Бұл жолғы дөңгелек үстел ұстаздар мен шәкірттер арасындағы байланысты жандандыруға, жастардың оқу процесіне, күнделікті сабаққа қатысты ой-пікірлерін білуге бағытталды. Колледж ұстаздары үнемі балалардың ұсыныс, тілектерімен санасып, олардың қызығушылығына сай қызметті үйлестіріп отыратынын айта кеткен жөн.

Бұл жолғы дөңгелеку үстелде колледж студенттері өздері дәрісін тыңдағасы келетін білікті адвокат, судьялардың, заңгерлердің атын атады. Сонымен бірге, студенттер өзге елдердің құқық қорғау, заң саласындағы жұмыс тәжірибесіне, заңдарындағы өзгешеліктерге қызығатындарын жеткізді. Бұл тілектер алдағы уақытта оқу процесінде назарға алынатын болады.

Меруерт ӘБІШЕВА,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ колледжі,
Заң пәндерінің оқытушысы

ПӘРМЕН

Сот – мемлекеттегі үшінші билік. Ақ пен қараны анықтап, адам тағдырына төрелік ететіндіктен сотқа жүктелер жауаптылық аса жоғары. Ақиқат айтылуы, әділдік орнауы үшін төрелік алаңындағы теңдікке, тыныштыққа, бостандыққа да кепілдік берілуі керек.

СОТҚА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТПЕГЕНДЕРГЕ ЖАЗА БАР

Өйткені, төреліктің түзу шығуы тек сотқа ғана емес, тараптар мен куәлардың өз құқығын мінсіз қорғап, өз пікірін дәйекті, сенімді жеткізе алуына да байланысты. Соған орай сот отырысына шақырылған азаматтардың қай-қайсысы болсын, жасына, лауазымына, мансабына, танымалдығына қарамастан сотқа келушілерге қойылатын ортақ талапты сақтауы міндет.

Мысалы сот отырысы өз мәнінде өтуі үшін процеске шақырту алғандардың бәрі белгіленген уақыттан кешікпей сотқа келуі тиіс. Егер шақыртуға келе алмайтын болса оны алдын ала сот хатшысына ескерткен дұрыс. Себебі, бір адамның процеске себепсіз келмеуі бүкіл сот отырысын кейінге қалдыруға түрткі болады. Осылайша сот отырысына жеке шаруасын кейінге қалдырып, жұмысынан сұранып арнайы келген азаматтардың уақыты мен жолға жұмсаған шығыны босқа кетеді.

Сотты ғана емес, сот отырысына қатысушыларға құрмет көрсетпегендерге

әкімшілік жауаптылықтың қарастырылуы сондықтан.

Бұдан бөлек сот отырысында айқайлап, дауыс көтеріп, сотқа төрелік етушінің сөзін бөліп, тараптарға быланып сөйлеп, өз ойын айтуына кедергі келтіргендерге, төрелік алаңында күш көрсетуге, жұдырық жұмсауға әрекеттенгендерге Қылмыстық кодекске сай жаза белгіленетінін ескерткеніміз жөн. Сот талқылауына қатысушыларды, судьяны және алқабиді қорлаудан көрінген сотты құрметтемеушілік көрсеткені үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 410-бабы бойынша қылмыстық жауаптылық белгіленген. Сотқа құрметтемеушілік таныту бойынша қылмыстық өндірісті жүргізу Қылмыстық-процестік кодекстің 346-бабында дәйектелген.

Ерулан БИМЕНДЕ,
Алматы қалалық қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

Баспасөз – 2023



Құрметті оқырман!

«Зан газеті» және «Юридическая газета», «Зан», «Фемид» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғмыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Зан газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4284,66 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 8569,32 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4506,06 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9012,12 ТЕҢГЕ

занды тұлғалар үшін – 15921

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5184,66 ТЕҢГЕ , 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10369,32 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5406,06 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10812,12 ТЕҢГЕ

✉ zanreklama@mail.ru

МҰРАГЕРЛІК

4. 2022 жылы 20 қазанда қайтыс болған азамат Днишев Кайрат Тлеулиевичтің атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін Атырау қаласы, М.Баймұханов көшесі, 75 үй, 5 кенсе мекенжайында орналасқан нотариус А.А. Амандыковаға хабарласуларын сұраймыз.

5. 2022 жылы 15 шілдеде қайтыс болған азамат Жанбусинов Ерлан Ажигереевичтің атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін Атырау қаласы, М.Баймұханов көшесі, 41 А, н.п-1 б мекенжайында орналасқан нотариус Р.Т. Камзағалиеваға хабарласуларын сұраймыз.

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасының Судьялар одағы Қарағанды облысы, Нұра аудандық сотының судьясы Анар Саматқызы Хасеноваға
ӘКЕСІНІҢ
дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Сактандыру портфелін беру рәсімінің аяқталуы туралы хабарландыру
«Коммекс-Өмір» Сактандыру компаниясы» АҚ мүдделі тұлғаларды «Сентрас Иншуранс» Сактандыру компаниясы» АҚ «жалпы сактандыру» саласы бойынша сактандыру портфелін беру рәсімінің аяқталғаны туралы хабарлар етеді.
Сактандыру портфелін қабылдаған сактандырушы туралы ақпарат: «Сентрас Иншуранс» Сактандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі 26.10.2022 ж. берген №2.1.11 «жалпы сактандыру» саласы бойынша сактандыру (қайта сактандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия, орналасқан жері: Алматы қ., Мыңбаев к-сі, 151, «VERUM» Бизнес орталығы, тел.: +7 (727) 259-77-55, +7 707 003 77 55, +7 771 932 77 55, +7 778 003 77 55, ресми сайт: www.cic.kz.
Филиалдық желі:
Астана қ. бойынша филиалы
– 010000, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Самал ықшамауданы, 12 ғимарат, 11 қабат,
Астана Тауэр БО, тел.: 8 (7172) 44-20-81, 8 (7172) 59-77-55;
– Астана қ. №2 филиалы
010000, Астана қаласы, Есіл ауданы,
Қабанбай батыр даңғылы, 6/1 ғимарат, «Каскад» БО, 9 қабат, 91 кенсе.
Тел. / факс: (7172) 328-509, 44-54-11, 320-026, 945-165, 94-86-43,
Атбасар қ. бойынша филиалы
020400, Атбасар қ., Сейфуллин көшесі, 3 «а» үй.
Тел./факс: (716-43) 2-45-47, 2-45-95
Ақмола облысы бойынша филиалы
020000, Көкшетау қаласы, М. Әуезов көшесі, 268 үй, 8б тұрғын емес үй-жайы
Тел./факс: (7162) 50-22-20, 50-22-21
Абай облысы бойынша филиалы
071400, Семей қаласы, К. Мұхамедханов к., 23 «А»,
«Орлеу» Бизнес-орталығы, 1 қабат, кенсе: 102, 107, 108.
– Қарағанды облысы бойынша филиалы
100012 Қарағанды қ., Бұқар Жырау даңғылы, 41, тел.: 8 (7212) 41-33-97, 35-46-15;

– Шымкент қ. бойынша филиалы
160000 Шымкент қ., Майлы Қожа көшесі, 17 үй, 62 кенсе, тел./факс: 8 (7252) 53-94-82;
– Шығыс Қазақстан облысы бойынша филиалы
070019, Қазақстан Республикасы, ШҚО, Өскемен қ., Қазақстан к-сі, 64/1, 101 кенсе, тел.: 8 (7232) 57 75 75;
– Қызылорда облысы бойынша филиалы
120014 Қызылорда қ., Тоқмағанбетов көшесі, 27 үй, 16 пәтер, тел.: 8 (7242) 27-18-30;
– Жамбыл облысы бойынша филиалы
080000, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі, 6-үй, тел: 8 (7262) 43-58-31, 43-58-00;
– Семей қ. бойынша филиалы
071400 Семей қ. Абай көшесі, 67 п.н. 22, тел./факс: 8 (7222) 32 17 34;
– Атырау облысы бойынша филиалы
060000 Атырау қаласы, Исатай-Махамбет алаңы, И. Тайманов даңғ. 58, 5 кенсе, тел.: 8 (7122) 59-77-55, 27-20-28;
Атырау қ. бойынша филиалы
060002, Атырау қ., Махамбет Өтемісұлы көшесі, 114е ғимарат,
Тел. / факс: (7122) 76-37-36
– Қостанай облысы бойынша филиалы
110000, Қостанай қаласы, Байтұрсынов көшесі 95, «Целинная» қонақ үйінің ғимараты, кіру Пушкин көшесінен,
тел.: 8 (7142) 54-59-88;
Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалы
090000, Орал қ., Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 203 үй, 127 пәтер.
Тел./факс: (7112) 51-39-79, 55 47 02
– Ақтөбе облысы бойынша филиалы
030000 Ақтөбе қ., Батыс 2 ықш., 5Д үй, 5 п.н., тел.: 8 (7132) 55-88-29;
– Петропавл қ. бойынша филиалы
150000, Петропавл қаласы, Батыр Баян көшесі, 30 үй, кенсе 1,3,4,7,10,11.
Тел./факс: (7152) 522-299 ф. 523-150
– Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалы
150000 Петропавл қ., Жұмабаев көшесі, 101, тел.: 8 (7152) 36-44-85, 59-77-55;

– Павлодар қ. бойынша филиалы
140011, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 89 үй, 106 тұрғын емес үй-жайы
Тел./факс: (7182) 50-94-05, 50-94-04
– Көкшетау қ. бойынша филиалы
020000 (С00G5X7), Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 96-үй, қаб.№304, 302,303, тел.: 8 (7162) 50-56-14;
– Павлодар облысы бойынша филиалы
140000, Павлодар қ., А. Бөкейхан к., 202/6 (ПҚТИАМ ғимаратқа қарама-қарсы), тел. 8 (7182) 597755, 630892;
– Маңғыстау облысы бойынша филиалы
7А ықш., «Три короны» ТК 20 үйі, 56 кенсе, тел. 8 (7292) 51 00 15, 51 00 16.
– Өскемен қ. бойынша филиалы
070000, Өскемен қаласы, Н. Назарбаев даңғылы, 22 үй, 18 тұрғын емес үй-жай.
Тел./факс: (7232) 767-814, 767-889, 768-004, 767-367

2022 жылғы 1 қарашадан бастап «Сентрас Иншуранс» СК» АҚ-ға «жалпы сактандыру» саласы бойынша сактандыру (қайта сактандыру) шарттары бойынша, оның ішінде қолданылу мерзімі өткен сактандыру (қайта сактандыру) шарттары бойынша қабылданған тзәуекелдер бойынша «Коммекс-Өмір» СК» АҚ-ның барлық құқықтары мен міндеттемелері көпті, олар бойынша «Коммекс-Өмір» СК» АҚ сактанушылар (сактанушылар, пайда алушылар, қайта сактанушылар) алдында және сактанушылар (пайда алушылар) сактандырушыны ауыстыруға өзінің бас тартуының жазбаша нысанында білдірмеген міндеттемелерді көтерді немесе болашақта міндеттемелердің туындау ықтималдығы бар.

2022 жылғы 1 қарашадан бастап «Сентрас Иншуранс» СК» АҚ берілген сактандыру портфеліне енгізілген сактандыру шарттары бойынша барлық міндеттемелерді орындайды. Сактандыру портфелінің құрамында берілген сактандыру шарттарын орындауға байланысты барлық мәселелер бойынша жоғарыда көрсетілген мекенжайлар мен «Сентрас Иншуранс» СК» АҚ телефондары бойынша хабарласуға болады. Клиенттерге қызмет көрсету кенселерінің жұмыс режимімен «Сентрас Иншуранс» СК» АҚ сайтында танысуға болады.

10. «Эталон качества» ЖШС, БСН 080440018883 (Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Пассажирская көшесі, 15А үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Әлихан Бөкейхан ауданы, 018 есептік түйік, 338-құрылыс. Тел.: 87074397042.

11. «Қалқан Секьюрити» ЖШС ұйымының Ақтөбе филиалы, БСН 210840019776, Ақтау қаласы, 3-ші шағынаудан, 203-ғимарат, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтау қаласы, 17-ші шағынаудан, 50-ғимарат, «Бостан» бизнес орталығы, 320-бөлме. Тел.: +77077372746.

12. «Қалқан Секьюрити» ЖШС ұйымы Атырау филиалы, БСН 210840019489, Ақтау қаласы, 3-ші шағынаудан, 203-ғимарат, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтау қаласы, 17-ші шағынаудан, 50-ғимарат, «Бостан» бизнес орталығы, 320-бөлме. Тел.: +77077372746.

13. «Калкан Секьюрити - Атырау» ЖШС ұйымы, БСН 210840018847, Ақтау қаласы, 3-ші шағынаудан, 203-ғимарат, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтау қаласы, 17-ші шағынаудан, 50-ғимарат, «Бостан» бизнес орталығы, 320-бөлме. Тел.: +77077372746.

ТАРАТУ

3. «Қақпатас-2050» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 190740026709) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Төле би ауданы, Зертас ауылдық округі, Жаңақүш ауылы, Жаңақүш көшесі, 9 үй, индексі 161106.

6. «Жадыра балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 220940044059, өзінің жұмысын тоқтататыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Арал ауданы, Сапақ ауылы, Сапақ көшесі, 70.

7. «Бейнеу-Шат» ЖШС-нің (БСН 110340019579) жабылуына байланысты алыс-берісі бар мекемелер, жеке азаматтар хабарландыру газетке жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде хабарласуына болады. Өтініштер Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 19-шы шағынаудан, 1 үй, 6б пәтерде қабылданады.

9. «Батыс Education» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 150640020957, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Құрманғазы көшесі, 194 үй, 5 пәтер.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetiyisaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кенсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кенсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кенсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кенсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғыснұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі,18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы),Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058447221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

(Соңы. Басы газеттің №92 санында)

Гүйік өзінің дәптеріне көшіріп алған қызының осы сөзін қайталап оқыды. Ол құдайсыз ұстанымдарын бір сәт құрдымға жібере тұрып, жем-шөп қорадағы Бұдданың қуыршақ мүсінін сабан арасынан тауып алып, пұтқа сыйынып, жапондардың тезірек жеңілуін сұрады.

– О, Бурхан минь, надад ялалтыг өгөч!

Селт ете түсті. Ақ жейделі қызы жон аркасынан қарап тұр. Иығына әкесінің шапанын желбегей жамылыпты.

– Аав, мұныңыз не?
– Мұным балам, бәріміз үшін. Моңғолия үшін, Совет одағы үшін.
– Жапондар күйрейді, әке. Мен түс көрдім.
– Өзіме тартқан. Ім-ім-ім...
Әкесі қызын тізесінен құшақтап бетінен шөпілдетіп сүйді.

13 тамыз. Түстен кейін 15:25
– Мен Баруланың інісімін.
Гүйік аңырып отырып қалды.
– Ағам сіз екеуіңіз бірге іздеген адам жегіш туралы бөлек ақпараттар жинап қалдырған болатын.
– Отыр, отыр!
Гүйік шәй құйып бәйек болды.
– Есімің кім?
– Менің есімім Баруладай.
– Ұйқастырып қойыпты.
– Көзіңіз әлдеқайда сұсты екен.
– Шаш ағарып кетті.
– Жылтырап тұр.
– Өте қатты жылтырап... Сен менің шашымды қарайтатын құаныш әкелдің.

– Дұрыс айтасыз. Десе де жағымды хабар пасық адам туралы болмақ.
– Ішкі моңғол жерінде қолға түскен кеңес-моңғол әскерінің көз алдында олардың кейбірін бір адам жегіш мақұлыққа жегізіп жүрегін алыпты.
– Апыр-ай!...

Гүйік шәпкісін сыпырып алды.
– Мені сол кезде жеп қоймаған екен.
– Ағам адам жегіштің жапондармен байланысы барын анықтаған. Оның қалада мүлдем табылмай жақсы жасырынуына қаладағы жапон тыңшылары мүдделі болған сияқты. Яғни, оны олар бағып-қарап бір кәдеге жаратқан.
– Неге адам жегізеді?
– Тыныш қаланы үрейге толтыра беру үшін.

– Сол ғана ма?
– Түсінсем бұйырмасын.
– Жыртқыш бәрібір өледі.
– Мына қызықты қараңыз.
– Жыртқыш жапондарға қарсы тұрайық деп бір адам сирек тұратын моңғол қыстауын соғысқа үндеп, 17 адамды алып шығып, бәрін тастан құлатып өлтірген.

– Сонда бұл адамдарды еліктіріп, сендіре алатын жыртқыш па? Киімі де мүлдем басқа болған шығар?...

– Жо, бауырым, ағаң өлген соң осы іспен жақсы айналысқан сияқтысын.
– Себебі, мен де ізкесушімін. Таныс болмағанымыз болмаса.
– Сосын оның ұлтшылдығы да бар.
– Ұлтшылдық? Адам жегіштегі ұлтшы-ы-лдық?
– Ол қазір өлді. Сүйегі дағарда.
Гүйіктің көзі шарасынан шығардай.
– Сыртта тұр. Ашып көріңіз.
Гүйік алақтап, сыртқа аң-таң қарады.

– Жо, жоқ, атай көрме. Әлі үрейім ұшады.

– Гүйік жолдас. Оны мен өлтіргем жоқ. Моңғол әжейді қинағанын көріп жапон әскеріне тап беріп өзі атылған. Ол жапонның иық етін асап үлгерген.

– Ұ-ұ-ұлтшылдық!..
Гүйік сандырақтап орындыққа кілт етіп отырды.
– Мәйітін қолға түсіру маған оңай болған жоқ. Түсінесіз бе?

Гүйік басын укалай берді. Мына сөз қу басына симай, басының ішін жаңғыртып әкетіп барады.«Мәйітін қолға түсіру маған оңай болған жоқ. Түсінесіз бе?»... Тағы...«Мәйітін қолға



КӨК БАРАҚ

түсіру маған оңай болған жоқ. Түсінесіз бе?»... Баруладай Гүйіктің денесін аркасына көтеріп алып есіктен шығып бара жатты. Бір қолында сүйреген сары дағары...

2022 жылы 4 мамыр. Сағат уақыты белгісіз.
(80 жылдан кейін)

Иркутскіде өріктер шешек атқан кез. «Мына әлем аяқ астынан фашизмге ауыспай тұрып, мен сені «сүйетінімді» бір рет айтып қалғым келеді». 96 жасар Замбага әкесінің ескі құжаттарынан өз сөзін оқып, бүршік атқан өрік ағаштарына терезеден қарап көз жасын сығымдап тұр.

«Иркутск вальсімен» би қимылын жасап өте шыққан екі бұрыт қызын көзі шалды. Әжей көп жылдан бері осы қаланың тұрғыны. Екі қыздың телефонда қойып бара жатқан әніндегі «Біздің тұратын жеріміз, үйіміз, қаламыз жарық» деген сөздерді ойына алып күн көзіне қараған сайын көзінің нұры тая түскендей, жаси берген. Бойжеткендердің артынан үңіліп қарап еді, қарасы өшкіндеп кетіпті. Ағаштар көлегейлеп қалды.

6 мамыр. Сағат 14:15
Әжей әкесінің әдетімен осы уақытты дәптеріне қондырды. Әкесінің ескі дәптеріндегі өз сөзін оқып тұрып «Иркутск вальсінің» ырғағымен бұлғандап өте шыққан өзінің қалқасына ұқсайтын екі бұрыт қызын тамашалаған сәтінің нақты сағатын есіне түсіре алмады.«Әйтеуір, түске дейін» деп қойды. Мүмкін, түс ауған кез де шығар. Уақыттан жаңылған. Ол сол сәтті және дәл қазіргі сәтті бірдеңе жазбақ болып есінде ұстады. Сағат санын қағазға қондырды. Қаламын ұстап тұрып терезе алдындағы өрік ағашының тұсына қайта келіп еді. Екі күн бұрынғыдай тағы сол екі бұрыт қызы «Иркутск вальсінде» бұлғандап өте шықты. Жұқа терезеден дауыс анық естіледі. Әжей асығып терезені ашып үңіле түсті. Сол адам, екі адам... Елес емес.
– Бұл қалай болды?
Аң-таң болды да қойды.

8 мамыр. Сағат 16:03
Бүгін тағы да терезе алдынан екі бұрыт қызы өтті. Әжей екі күн күткендей болды олардың келуін. Бұл жолы екеуі

әндетпей өтті де, тұра қалып бурыл иттің бір уыс жүнін қарияның терезесі жакқа қарай шашып кетті. Әжей сенделектеп барып орындығына отырып қалды. Сыртқа жүгіріп шығып, қабатты айналып шашылған жүндерді тере бастады. Үйге келіп кілтті қоя бергенде, есік қоңырауы басылды.
– Келіп қойдың ба?
– Келдім. Есікті ашыңыз.

Немере қызының қоңыраулаған үні естілді.
– Сайна! Бастым, кіре бер хүхед (балам).
– Ашылды иә, эмэ!
...
– Эмэ, сізге бірдеңе болды ма? Түріңіз бозарған әрі суық.
– Бірдеңе жазайын деп ем, жаза алмай. Әлде нәрсеге мазам кетіп отыр.
– Маған ізкесушілерді таныстыр. Көмегі керек болып тұр.
Сайна тамға сүйеніп ақ жүзі босағадағы айнаға түсіп қарап тұрып қалды.

9 мамыр. Сағат 10:16
Әжей уақытты әрен жазып үлгерді. Қалбалақтап үйге немере қызы ертіп әкелген ізкесушімен танысты.
– Менің атым – Дава.
– Дава, отыр. Шайдан ал. Немерем сен туралы жағымды ақпараттар берді.
– Мен сіздің әкеңіздің танымал ізкесуші болғанынан хабардармын. Естуімше, сізді де аздап жетелепті. Сайна ұлттық қауіпсіздік комитетінде істейді ғой, бұл істен хабары біршама болса да, мені алдыртқаныңызға қарап істің күрделі түрі алдыма келген сияқты.
– Шынымен, күрделі.

11 мамыр. Сағат 16:17
Ізкесуші фотоаппаратын көтерген күйі екі бұрыт қыздың артынан сүріне-қабына ілесіп құлаған үйлердің жанына келді. Барынша көп фото түсірмек. Екі қыз сезіп арттарына қарап қойып, аз-кем күбірлеп бірденені ақылдасып тұрды. Ізкесушінің келесі жалдамалы серігі олардың арғы жағын орап торуылдады. Екі қыз құлаған тамдарға кіріп кетті. Кенет кішілеу, беті сарғыштауы құлаған үйлердің ішінен жүгіріп шығып бетін басып солқылдап жылап айналадан көмек сұрады.
– Пожалуйста помощи!
Ізкесушінің серігі шыға келіп оған көмек көрсетуге даяр болды. Қыз жы-

лап құлаған үйлердің арасын нұсқады. Құлаған үйлердің арасынан бір қоғала мысық шыға келді де, бет алған жағына қашып кетті. Ізкесуші ұстай алмай қалды.

– Өне жауыз мысық. Әгчемді (әпкемді) тырнап тастады. Ізкесуші қуысқа кіргенде кіші қыз солқылдап жылап артынан кірді. Басты ізкесуші дүрс еткен дыбысты ғана естіді. Әрі қарай қуыстан кіші қыздың жалғыз шығып кеткенін көрді. Жан-жағына жалтақтамай жылдам жүре жөнелгені аңтарылтады. Серігі жоқ. Дава тағатсызданып құлаған тамдарға жағалап беттеді. Бір орыс, бір бұрыт жігіт шықты да мұны көтеріп алып, құйрығын ашып жіберіп, істік темірді құйрығының жоғары жағына ызаланып тұрып шанши бастады.

12 мамыр. 12:12
– А-а-ah!...Айта алмаймын сізге, әжей. Ауырып кетті. Қанқұйлы екі бандит.
Әжей әрі қарай ештеңе сұрамады. Сайна әжесін қолтықтап палатадан шығып кетті.

14 мамыр. 08:32
Телеарна хабары.
– Ушаковская мен Карпинская көшесінің қилысындағы қабат үйлердің бірінде жаға ұстатарлық кісі өлімі болды. Қылмыс белгілі үйдің екінші қабатында орын алған. Үйде ешқандай қылмыскер адамның белгісі жоқ. Тек мүнкіген иттің жағымсыз иісі мен жұлынған бурыл жүні қалған. Марқұм болған екі адам. Әйелі мен күйеуі. Сол күні балалары ата-әжесінің үйінде болғандықтан бұл қауіптен аман болған. Мәйіттердің беті аю, ит, мүмкін жолбарыс тырнағы да бар болуы мүмкін, осындай бірнеше аңның тырнағымен аяусыз тілгіленіп, иығы мен мойнының етін жұлып жеген. Тіс табы да бар.

Әжей шынымен жағасын ұстап отырып қалды.
– Олай болса хабарымызды тағы жалғастырамыз. Ертеңгі халықаралық отбасы күніне орай қаладағы супермаркеттерде жеңілдіктер берілмек. Айтар болсак Вкус счастья кәмпиттер дүкеніне жолыңыз түссе...
Әжей алыстан басып теледидарды өшіріп тастады.

5 маусым. 18:03
– Әже, Дава сізбен жолыққысы келеді. Келіп тұр. Құйрық жарақатынан айыққан.
– Кірсін.
– А, тұра тұр. Оны кітап бөлмеде қабылдайын. Солай жібер.

18:09
Әжей уақытты жазып үлгерді.
Дава кіріп келеді. Әжей сүт түсті көйлегінің етегін қағып, нығызданып отырды. Дава кіріп келеді. Соқталдай қарасының көленкесі босағаға түсе бастады.

18:18
– Бұлай де?...
– Осындай!
– Бары осы ма?
– Бары осы.
– Ертең сізге бір хабарын берем. Егер, екі күн уақыт берсеңіз, ертең емес, бүрсігүні келейін. Сол кезде толықтай ақпарат алып келемін.

– Жарайды, үйге 8 маусымда кел. Ұлан-Батырға құдашамның қайтыс болуына байланысты баратын едім, ол жолымнан да қалатын болдым. Осы іс үшін. Әкем маған осы істі өлерінде қатты тапсырған. Ол адам жегіштің өлмегенін, өлмейтінін айтқан. Адам жегіштің мәйітін көріп тұрып соны айтқан. Кейін шынымен оның мүрдесі ұшты-күйлі жоғалды. Ізкесуші Баруладай да аң-тан. Мүрде оның қолында болды.
– Мүмкін, ол баяғыда өлген. Оның да өз мұрагері болған шығар.
– Мүмкін. Балам, енді бұл істі өзіңе тапсырам.

8 маусым. 14:16
Әжей сөйлесіп жатып, дәл қазіргі уақытынан 12 минутты кері шегеріп, өзі оқып жатқан өткен дәуірдегі жергілікті қаламгер Исаак Гольдбергтің «Его путь» шығармасының шеткі беттеріне түртіп қойды. Әкесінің кезінде бұл шығарманы жақсы оқитыны еске түсіп кетіп, сөре алдынан қолына іліккен осы кітаптің парағын асығыс-үсігіс бір аударып қалғанда арасынан бос парақтың бүктемесі түсті. Ашса ештеңе жоқ. Дава бұған таңданып отырды.

– Әжей, сакшылардың қолында жабық жатқан бір делоны айтайын. Әжей қарады.
– Өткен түні қаламыздың шетінде, Батерейне жакта бір байдың екі қабатты, көлденеңі ұзын тұрақжайында иттің мүнкіген иісі мен бурыл жүні табылған. Олар шам алып, қару дайындап қуалап бір көкала мысықты қолға түсірген. Үй иесі мысықты жазаламақ болып төменге қатты тастамақ болып, мысықты қанша лақтырса да төрт аяғын жұптап жерге орнықты түсетін әрекетін ойлап, оны жіпке байлап, қауға ретінде суға тұншықтырып азаптап сосын жіберген. Бірақ, одан кейін де түні бойы босағасы бурыл иттің жүніне толып қалған. Үй иесі осы бурыл иттің жүніне байланысты қылмыстардан хабардар зерек оқымысты адам екен. Есік-терезесін, ауласын, қорасын толық бекіттірген. Кең ауласында сиыр ұстайды екен. Сиырларының саны аман. Басында оны ұрылдармен байланыстырып қауіптенген. «Мысықтың көзі сұсты әрі жымысқы болды» депті. Мысықтан өштерін алған, өлтірмеген.
– Балаларға арналған қиял-ғажайып әңгімелеріне ұқсап кетті. Өзім де байыбына бармаймын.

– Әзірге оқиғаның шегі осы. Қаланың әр жерінде бурыл иттің ұйпа-тұйпа жүні, мүнкіген жағымсыз иісі.
Осы оқиғалардың соңын Батерейнядағы бай кісінің әрекеті түйіндеп тұр.
– Жалғасын қалай анықтаймыз?
– Ол үшін жаңа оқиғаның туылуын күтеміз.
Кемпір дағдарып қалды. Үстел астындағы көлденең темірді тепкілеп қойды.

Көкбөрі Мұбарак ҚИЗАТҰЛЫ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. Бөріанбай Ғалиев 8 775 543 03 80. Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Алматы облысы	
Ақтөбе облысы	
Атырау облысы	
Маңғыстау облысы	
Қызылорда облысы	
Түркістан облысы	
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zankreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5527 дана
Апталық таралым 11 054 дана
Тапсырыс №170 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31